



Астанада 31 желтоқсанда сағат 00.00-де демеушілік қаражат есебінен ұйымдастырылатын мерекелік жаңа жылдық отшашу іске қосылды, деп хабарлады қала әкімдігінің ресми сайты.

Отшашулар екі жерде өтеді: Ботаникалық бақ және «Атырау» көпіріне іргелес аумақта. Әр жерде шамамен 2,5 мың мәрте отшашу атылады.

Сонымен қатар жаңа жыл қарсаңында 31 желтоқсаннан 1 қаңтарға дейін қаланың үш жерінде мерекелік іс-шаралар өтеді.

31 желтоқсанда сағат 21:00-ден 02:00-ге дейін елорданың қалалық алаңында, «Қазақ елі» монументі аумағында және ЭКСПО алаңында эстрада жұлдыздары мен шығармашылық ұжымдардың қатысуымен қала тұрғындары мен қонақтары үшін жаңа жылдық мерекелік концерттер өтеді.

Жаңа жылға арналған мерекелік бағдарлама сонымен қатар Тәуелсіздік даңғылы, Орталық саябақ, Ататүрік саябағы, «Промышленный» тұрғын алабы және «Көктал» саябағындағы Оқушылар сарайының аумағында өтеді.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,

Қазақстан Республикасының Президенті:

Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз.

Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді.

№156

(4744)

Сейсенбі

31 желтоқсан

2024 жыл



АСТАНА



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Жаңа жылда
жақсылықтар
мол болсын!

ЖАҢА ҚҰРМЕТТІ АТАҚТАР ЕНГІЗІЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2025 жыл – Жұмысшы мамандықтарының жылы деп жарияланды. Президент 27 желтоқсанда тиісті Жарлыққа қол қойды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин Жұмысшы мамандықтары жылы аясында мемлекеттік наградалар жүйесіне (бұрыннан бар 6 құрметті атаққа) 9 жаңа құрметті атақ енгізілгенін атап өтті.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тиісті заңға қойды. Енді мемлекеттік наградалар жүйесіне (бұрыннан бар 6 құрметті атаққа) 9 жаңа құрметті атақ енгізілді. Атап айтқанда, ғалымдар мен өнертапқыштарға, инженерлерге, сәулетшілерге және құрылысшыларға, кеншілер

мен шахтерлерге, геологтарға, өнеркәсіп, көлік, ауыл және су шаруашылығы саласының қызметкерлеріне берілетін құрметті атақтар қосылды. Қажырлы еңбектің мемлекеттік деңгейде бағалануы барша кәсіп иесіне ерекше шабыт береді және еңбек адамының беделін одан әрі көтеруге септігін тигізеді. Бұл заңға Мемлекет басшысы «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялаған жаңа 2025 жылдың қарсаңында қол қойылуының символдық мәні бар» деп түйіндеді Қарин.

ҚОНЫС ТОЙЫ КӨП БОЛДЫ

Елордада биыл 4 миллионға жуық шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Елорданың құрылыс секторының қарқыны биыл 870 млрд теңгеден асқан. Жыл басынан бері 3,6 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 6,4 пайызға көп. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

Жалпы елордада жыл сайын 4 млн шаршы метр тұрғын үй салынады.

«Қалада инвестицияның жартысы тұрғын үй құрылысы

саласына келеді. Сондықтан бізге «Құрылыс кодексі» өте маңызды. Қазіргі таңда бұл құжатқа өзгерістер енгізіліп жатыр. Мысалы, жыл сайын еліміз бойынша шамамен 15 млн шаршы метр тұрғын үй салынса, оның 4 млн-ға жуығы елордада бой көтереді. Қазіргі таңда елордада үй алу үшін 50 мыңдай адам кезекте тұр. Оның ішінде көпбалалы отбасылар, балалар үйінің тәрбиеленушілері, мүмкіндігі шектеулі жандар мен зейнеткерлер бар» деп атап өтті қала әкімі.

Құрметті Астана қаласының тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! 2025 жылы армандарыңыз орындалып, үйлеріңізде бақыт пен береке орнап, махаббат пен татулық салтанат құрсын!

Өтіп бара жатқан жыл қаламыз үшін өзгеріске толы жыл болды. Біз астанамызды заманауи, қазіргіден де ыңғайлы әрі әрқайсыңызға жайлырақ ету үшін еңбек еттік. Әлеуметтік нысандар мен инфрақұрылымдарды салуға, жаңа қоғамдық кеңістіктер ашуға, қоршаған ортаны жақсартуға және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға ерекше көңіл бөлінді.

Алдымызда әлі де көп міндет тұр. Біз Астананы өмір сүруге қолайлы, әрбір адам өз әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, сол сияқты жұмыс істеуге және демалуға ыңғайлы қалаға айналдыруға ұмтыламыз. Осының бәрін сіздердің сенімдеріңіздің, қолдауларыңыз бен еңбектеріңіздің арқасында жасап жатырмыз. Қаламыздың өміріне белсене атсалысып, бірге алға басуға септігін тигізетін бастамаларыңыз бен ұсыныстарыңызға алғысым шексіз!

2025 жыл оң өзгерістерге толы болсын! Сіздерге зор денсаулық, қуаныш, отбасыларыңызға амандық тілеймін! Мереке құтты болсын! Жаңа жыл құтты болсын!

Құрметпен,
Астана қаласының әкімі
Жеңіс ҚАСЫМБЕК

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 553.00 \$ USD/KZT 532.00 ₸ RUB/KZT 5.10 ¥ CNY/KZT 71.72

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

БЕС ӘЛЕУМЕТТІК
КЕСЕЛМЕН КҮРЕС

Биыл Атырауда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысы өтті. Одан Мемлекет басшысы қоғамдағы ең өзекті, шешімін күткен мәселелер төңірегінде ашық ойларын жеткізді.

«Біз жақсылыққа жетеміз десек, жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуіміз қажет. Яғни, шын мәнінде озық ұлт болу үшін жақсылыққа ұмтылумен қатар, еліміздің өсіп-өркендеуіне кедергі болатын жаман әдет, жағымсыз қылық және қауіпті кеселден құтылуымыз керек. Бұл – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жолындағы өте маңызды қадам. Ұлы Абай «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» деген. Бұл – әрине, ешқашан ескірмейтін, мән-маңызын жоғалтпайтын өсиет. Бірақ әр заманның өзіне тән сын-қатерлері бар. Жаһандану үрдісіне, жаңа технологияның дамуына және басқа да себептерге байланысты қоғамға қауіпті жаңа кеселдер пайда болды. Әсіресе, біз мынадай бес кеселмен бүкіл ел болып күресіп, біржолата тосқауыл қоюымыз керек. Олар – есірткі саудасы, лудомания, тұрмыстық зорлық-зомбылық, ысырапшылық, вандализм» деді Президент құрылтайда сөйлеген сөзінде. Парламент Мемлекет басшысының барлық тапсырмаларын жүзеге асырып, осы құрылтайда айтылған мәселелерге қатысты әйелдердің, балалардың құқықтарын қорғайтын заңдарды қабылдады.

ЕЛ БОЛЫП ЕҢСЕРГЕН АПАТ

Көктемде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапарымен барды. Сапар барысында өңірдің қарғын су басқан аумақтарын тікұшақпен аралап көріп, эвакуацияланған тұрғындармен кездесті. Президенттің төрағалығымен БҚО-дағы су тасқынына байланысты төтенше жағдай жөніндегі жедел штабтың отырысы өтті. Мемлекет басшысы су тасқынына қатысты жағдай өте күрделі екенін атап өтіп, мұндай көлемдегі тасқынның бұрын-соңды болмағанына назар аударды. Оның айтуынша, осыған ұқсас жағдай 1994 жылы болған. Бұл жолғы су тасқыны одан әлдеқайда ауқымды. «Бұл – табиғи апат. Қысқасы, алдымызда тұрған жұмыс өте ауқымды. Бәріміз бір ел, бір ұжым болып осы апатты еңсеруіміз керек. Басқа жол жоқ» деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы бұл оқиғадан сабақ алуымыз керектігін атап айтты. Су тасқыны кезеңіне жыл сайынғы дайындық жұмыстары жаз-күз мезгілдерінде басталып, үш бағытта жүргізілуі қажеттігін

ҮЛКЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ІЗДЕНІСТЕР ЖЫЛЫ

Жаңа 2025 жылдың табалдырығын аттайтын уақыт жақын. 2024 жыл ел үшін елеулі оқиғаларға толы болды. Ал қазақстандықтар үшін Ұлу жылы несімен есте қалды? Ел өміріндегі айтулы, маңызды оқиғаларға шағын шолу жасайық.

тапсырды. Кейінірек билік пен бұқара бірлесіп, бұл апатты еңсерді. Үкімет Мемлекет басшысының тапсырманы толық жүзеге асыруға кірісті. Нәтижесі қалай болатынын алдағы көктем көрсетеді.

ЕУРАЗИЯДАҒЫ СЕНИМДІ ТРАНЗИТТІК ХАБ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ

үшін жаңа өткізу нарықтарына жол ашады, жүктерді жеткізу мерзімін едәуір қысқартады және Қазақстанның Еуразиядағы сенімді транзиттік хаб ретіндегі позициясын нығайтуға мүмкіндік береді.

ШЫҰ-НЫҢ КЕЛЕШЕГІ ЗОР

Биылғы жылдың ең айтулы саяси оқиғаларының бірі – Астанада өткен ШЫҰ-ның тарихи саммиті. Жаһан жұр-



ашылуы ғажайып сән-салтанатымен дүркіреп өтті. 30 мың адам сыятын «Астана Арена» стадионы 20 мың көрерменге тоқты. 3 мыңға жуық өнерпаз қатысқан дүбірлі жарыстың ашылуы – Олимпиада ойындарының ашылуынан ешбір кем болған жоқ. Салтанатты рәсімге қатысқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алқалы жиында сөз сөйледі. Президент шет мемлекеттерден келген мәртебелі меймандармен және жұртшылықпен бірге V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының салтанатты ашылу рәсімін тамашалады. «Астана Арена» стадионында өткен рәсімге Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түрікменстан Халқ Мәжілісінің төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов, Татарстан Республикасының Раисы Рустам Минниханов, Саха Республикасының басшысы Айсен Николаев, Моңғолияның бұрынғы президенті Энхбаяр Намбарын, Дүниежүзілік этноспорт конфедерациясының президенті Біләл Ердоған, сондай-ақ ЮНЕСКО, АЭСШК, БҰҰ Дүниежүзілік туризм ұйымы, Түркі мемлекеттері ұйымы, ТҰРКСОЙ, Түркі инвестициялық қоры, Түркі мемлекеттерінің Парламенттік ассамблеясы, Ислам спорт қауымдастығы, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының басшылары, Еуропа Одағының Орталық Азиядағы арнайы өкілі және басқа да ресми тұлғалар қатысты.

ХАЛЫҚ АЭС САЛУДЫ ҚОЛДАДЫ

7 қазанда Орталық референдум комиссиясы аумақтық референдум комиссияларының хаттамалары негізінде 2024 жылғы 6 қазанда өткен республикалық референдумның түпкілікті қорытындысын жариялады. Құрылғы мемлекеттік органның тарапқан мәліметі бойынша, референдумға қатысу құқығы бар ҚР азаматтарының жалпы саны 12 млн 284 487 адамды құрады. Олардың 63,66 пайызы немесе 7 820 204 дауыс беруге қатысты. Дауыс беруге қатысқан азаматтардың 71,12 пайызы немесе 5 561 937 адам Қазақстанда атом электр станциясын салу мәселесін қолдады. Мемлекет басшысының ұйғарымымен құрылғы бірнеше жылдарға созылатын аса ірі жобаны осы салада мол тәжірибесі бар компаниялардан құралған халықаралық консорциум жүзеге асырады. Ол – Франция, Қытай, Ресей Федерациясы сияқты алпауыт елдердің компаниялары.

БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ ТОЙЫ

Елордада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парижге мемлекеттік сапары аясында екі ел делегациясының мүшелері 36 құжатқа қол қойды. Оның ішінде жалпы сомасы 2,2 миллиард долларды құрайтын 1 үкіметаралық, 21 ведомстволық және 14 коммерциялық құжат бар. Франция Президенті Эмманюэль Макрон Х әлеуметтік желісіндегі парақшасында Қазақстан мен Франция арасындағы ынтымақтастық, Қазақстан Президентінің Францияға сапары туралы қазақ тілінде жазба жариялады. «Қош келдіңіз, құрметті серіктес, құрметті дос. Сіздің мемлекеттік сапарыңызбен біз Қазақстан мен Францияны, қазақстандықтар мен француздарды біріктіретін терең достықты атап өтуге мұқтажмыз» деп жазды Эмманюэль Макрон.

ТҮРКІНІҢ БІРЛІГІ БЕКЕМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Франция сапарынан кейін Түркі мемлекеттері ұйымының саммитіне қатысу үшін Бішкек қаласына барды. «Экономикалық интеграция, тұрақты даму, цифрлық болашақ және қауіпсіздік» деген тақырыппен өткен басқосуда Президент еліміздің Түркі мемлекеттері ұйымындағы төрағалығы аясында атқарылған іс-шараларға тоқталды. «Қазақстан Ұйымының іс-бабындағы төрағасы ретінде «TURKTIME!» ұранын көтерді. Түбі бір түркі жұртын біріктіруге баса мән бердік. Жан-жақты ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше назар аудардық. Осы уақыт аралығында нақты жетістіктерге қол жеткіздік. Бірқатар жобаны жүзеге асырдық. 80-нен астам іс-шара ұйымдастырылды. Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтті. Байрақты бәсеке Ұлы дала өркениетін жер-жаһанға танытты. Түркі әлібиінің ортақ нұсқасы бекітілді. Мұны тарихи оқиға деуге болады. Былтыр Астанада Түркі мемлекеттері ұйымы жанындағы Тұрақты өкілдерді тағайындау туралы шешім қабылдадық. Оның ережесі бекітілуге дайын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН КЕЗЕҢІ

Мемлекет басшысының шақыруымен 27 қарашада елімізге Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин мемлекеттік сапармен келді. Осы сапар аясында жоғары деңгейдегі келіссөздер жүргізіліп, маңызды құжаттарға қол қойылды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне бірлескен мәлімдеме жасады. Мемлекет басшысы Ресей Президенті Владимир Путиннің мемлекеттік сапарын екі ел қарым-қатынасының дамуындағы маңызды кезеңге жол ашатын тарихи оқиға деп атады.

ӨСІМНІҢ ИГІЛІГІН
ӘР АЗАМАТ СЕЗІНДІ

Қазақстанның негізгі әлеуметтік бастамалары халықтың тұрмыс сапасын жақсарту және азаматтарды қолдау екені анық. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы Жолдауында «Экономикалық өсімнің игілігін әрбір азаматымыз көруі керек» деп қадап айтты. Осыған орай биыл ел бюджетінің тең жартысы әлеуметтік салаларға жұмсалды. Биыл базалық зейнетақы 7 пайызға, ал ынтмақты зейнетақы 9 пайызға өсті. Ілкімді істің игілігін 2,4 миллионнан астам зейнеткер көрді. Ең төменгі жалақы көлемі 85 мың теңгеге дейін өсті. Бұл дегеніңіз – 1,8 млн адамның еңбекақысы көтерілді деген сөз. Сондай-ақ 600 мың мемлекеттік қызметшінің айлығы 20 пайызға жоғарылады. Бұған қоса елде жұмыссыздық мәселесі де жүйелі шешіліп келеді. Жыл басынан бері 845 мыңнан астам адам екі қолға бір күрек тапты.

Биылғы жылдың басты жаңалықтарының бірі – Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 50 пайызы балалардың есепшотына аударылды. Жоба басталғалы 695,5 млн доллар түсті. Бұл қаржыны балалар тұрғын үй жағдайын жақсартуға, білім алуға пайдалана алады. Мәселен, 2024 жылғы елдегі 18 жасқа толған немесе толатын қазақстандықтарға 30 млн доллар төленді.

Жыл соңына дейін «Жайлы мектеп» жобасы аясында 76 білім нысаны пайдалануға беріледі. Олардың 40 пайызы ауылдық аймақтарда бой көтереді. Сондай-ақ биыл 62 мың орындық 547 балабақша пайдалануға берілді. Қазір балалардың 92 пайызы мектепке дейінгі дайындықтан өтуде. Бас-аяғы 11 мың даярлық мекемесі жұмыс істеп тұр.



2025 жылға дейін елде шетелдік жоғары оқу орындарының 12 филиалы ашылады. Қазірдің өзінде Ұлыбритания, Германия, АҚШ, Франция және Оңтүстік Кореяның университеттерімен 23 стратегиялық серіктестік пысықталды. Бұл бастамалар Қазақстанды жаһандық білім беру кеңістігіне біріктіруге және озық білім беру әдістеріне қол жеткізуді жақсартуға көмектеседі.

Биыл студенттердің шәкірт-ақысы 20 пайызға өсті. Оның ішінде педагогикалық және медициналық бағыттағы студенттер үшін айтарлықтай жоғарылады. Қазір бұл салаларда білім алушылар 75 мың теңге шәкіртақы алады. Интерндер үшін стипендия 85 мың теңгені, резиденттер үшін 123 мың теңгені, ал магистранттар мен докторанттар үшін өсім 15-20 пайызды құрады. Соңғы 3 жылда гранттық қаржыландыруға бағытталған 16 байқау ұйымдастырылды. 2 мыңнан аса ғылыми жоба жүзеге асты. Инновациялық экономика жасау үшін ғылыми еңбектерді коммерцияландыру маңызды. Осы бағытта 5 байқау өткізіліп, 97 млрд теңгенің жобасы нарыққа шықты. Ғылыми өнімдердің экспорты 571 млн теңгені құрады.

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ
ҚАНДАЙ?

Ел Үкіметі әр сала бойынша жыл қорытындысын жариялады. Соларға жеке-жеке тоқталайық.



Жыл басынан бері 251 медициналық мекеме пайдалануға берілді. Жаңа нысандар шалғай аймақтарда бой көтеріп, 1 мыңнан астам ақ халатты жұмыспен қамтылды. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 655 ғимарат салу жоспарланып отыр. Оның 257-сі – медициналық пункт, 238-і фельдшерлік пункт және 160-ы – дәрігерлік амбулатория.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ
КӨРСЕТКІШТЕР
ҚАЛАЙ ӨСТІ?

Алдын ала бағалау бойынша осы жылдың 11 айының қоры-

нарықтарындағы қатысудың кеңеюімен байланысты.

ҚХР-ға экспорт көлемі 5,3%-ға өсіп, \$12,3 млрд-ты құрады. Бұған мемлекет пен бизнестің бірлескен белсенді жұмысы ықпал етті. Қытай тұтынушылары арасында отандық өнімдердің танымалдылығын арттыру мақсатында қазақстандық компаниялардың CIFITS, CPE, Digital Expo сынды үлкен көрмелерге және басқа да шараларға қатысуы қамтамасыз етілді. Сондай-ақ jd.com, Doiyin, Alibaba электронды платформаларындағы ұлттық павильондар арқылы тауарларды ілгерілету жұмыстары жанданып, стриминг-тур ұйымдастырылды. Ирландия, Швейцария және

ры экономикадағы шағын және орта бизнестің үлесін 1,8%-ға ұлғайтуға мүмкіндік берді және бүгінде ол 38,2%-ды құрайды. Осы жылдың 1 желтоқсанында жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 1,5%-ға артып, 2 млн кәсіпорыннан асты. Осы секторда барлығы 4,2 млн-нан астам қазақстандық жұмыспен қамтылды. Бұл ретте шағын және орта бизнес субъектілерінің өнім шығару көлемі 2024 жылдың 2 тоқсанында 19,1%-ға ұлғайып, 34,2 трлн теңгені құрады.

Қазақстанда экспорттаушыларды мемлекеттік қолдау жаңа деңгейге жетті: бизнеске 6,3 млрд теңге көлемінде шығындарды өтеу қамтамасыз етілді. Салалардың әртарапандырылуына ерекше назар аударылып отыр. Бұл елдің экспорттық әлеуетін кеңейтуге ықпал етеді. Қабылданған өтінімдер саны бойынша көшбасшылар қатарында Қостанай облысы, Алматы қаласы, Алматы және Қарағанды облыстары тұр. Биыл жалпы 500-ге жуық компания түрлі қолдау шараларын алды, оның ішінде экспорттық акселерация бағдарламасына қатысу, Alibaba.com платформасына шығу, көрмелер мен сауда-экономикалық миссияларға қатысу, шығындарды өтеу және басқа да шаралар бар. Олардың 90%-дан астамы – азық-түлік саласындағы шағын және орта бизнес субъектілері.

МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗМЕТТЕРДІ
ЦИФРЛАНДЫРУ

Бизнестің мемлекетпен өзара іс-қимылы саласындағы негізгі бағыттардың бірі цифрландыру болып саналады. Ыңғайлы цифрлық экожүйені қалыптастыру мақсатында кәсіпкерлердің бір порталда мемлекеттік қызметтерді, қолдау шараларын және мемлекетпен өзге де өзара іс-қимылды алу үшін «Бизнестің цифрлық картасы» жобасы әзірленуде. Азаматтардың жеке кабинеті енгізіледі, бұл әкімшілік рәсімдерді жеңілдетеді

және процестердің ашықтығы мен тиімділігін арттырады. Биыл Қазақстанда электрондық форматта барлығы 99,3% мемлекеттік қызмет көрсетілді. Қағаз құжат айналымын одан әрі оңтайландыру жүргізілуде.

Жалпы биыл ел экономикасы айтарлықтай тұрақты өсім көрсетті. Бұл өсім мұнайдан тыс сектордың қарқынды дамуының нәтижесінде жүзеге асып, әртарапандыру саясатының оң әсерін көрсетіп отыр. Несиелік рейтингтің жоғарылауы мен инвестициялардың артуы халықтың әл-ауқатын жақсартуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және өңірлердің дамуына бағытталған маңызды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және оңтайландыру арқылы бизнес климатқа және әрі қарай да инвестиция тартуға оң ықпал етуде. Экономикалық тұрақтылықты одан әрі нығайту Үкіметтің басым бағыттарының бірі болып қала береді.

ЕГІН ЖИНАУ НАУҚАНЫ

Биыл көктемгі егіс және күзгі жиын-терім жұмыстарын табысты жүргізуге қажетті барлық жағдай жасалды. Президент тапсырмаларын орындау аясында агроөнеркәсіп кешені (АӨК) қаржыландырудың қолжетімділігі қамтамасыз етілді. Саланы жеңілдікті қаржыландыру көлемі алғаш рет рекордтық 580 млрд теңгені құрап, бұл қаражат егіншілерге тікелей неси беру, пайыздық мөлшерлені төмендедіп, форвардтық сатып алуға бағытталды. 2025 жылғы қаржыландыру көлемін 700 млрд теңгеге дейін жеткізу жоспарланып отыр. Қолайлы күзгі ауа райы егін жинау кезіндегі жауын-шашынға қарамастан, науқанды айтарлықтай шығынсыз өткізуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде, республика егіншілері дәнді дақылдар бойынша рекордтық көлемде өнім жинады: орташа өнімділік гектарына 16,1 центнер, 26,7 млн тонна астық бастырылды. 2023 жылы орташа өнімділік 10 ц/га құраған болатын. Сонымен қатар 3,2 млн тонна майлы дақыл (өнімділік 10,9 ц/га), 2,9 млн тонна көкөніс және 2,6 млн тонна бақша дақылдары жиналды.

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-
ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ
АЛДЫН АЛУ

Ішкі істер министрлігі жұмысының басты бағыттарының бірі – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу. 2024 жылғы полицияға тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы 100 мыңға жуық хабарлама келіп түскен. Бұған жауап ретінде шаралар: оның ішінде 72 мың қорғау нұсқамасы, сондай-ақ 16 мың жағдай бойынша сот шешімдері қабылданды. Сондай-ақ зорлық-зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс

орталықтарына айтарлықтай көңіл бөлінді. Бүгінде елімізде осындай 69 орталық жұмыс істейді, оған жыл басынан бері 5,5 мың әйел, оның ішінде 3,7 мың балалары бар ана жүгінген. Ішкі істер министрлігі күш-жігерінің нәтижесінде соңғы 5 жылда әйелдер құқығына қол сұғатын қылмыстар саны екі есеге, атап айтқанда, зорлық-зомбылық қылмыстары 37,9%-ға, оның ішінде кісі өлтіру 49,3%-ға және ауыр дене жарақатын салу 8,7%-ға қысқарды.

БАЛАЛАР
ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

Балалар құқықтарын қорғау және кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу саласында да айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді. Биыл 12 мыңнан астам профилактикалық іс-шара өткізілді. Балаларды қорғау мақсатында еліміздегі әрбір мектепке ювеналды полиция қызметкерлері бекітіліп, олар тұрақты түрде бала құқығы бойынша сабақтар өткізеді және қылмыс жасауға бейім балаларды анықтайды. Оқу орындарында осыған орай 94 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырылды. Сонымен қатар жыл басынан бері 35 мыңнан астам заңсыз интернет-ресурс, оның ішінде суицид пен зорлық-зомбылықты насихаттайтын 127 сайт анықталды. Алдын алу шараларының нәтижесінде жасөспірімдер қылмысының саны 6%-ға төмендеді. Кәмелетке толмағандар жасаған кісі өлтіру 29%-ға, ұрлық 19%-ға, тонау 15%-ға төмендеген.

ЖАҢА ЗАҢНЫҢ
ТАЛАБЫ ҚАТАҢ

2024 жылғы 16 маусымда күшіне енген «Кейбір заңнамалық актілерге әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жаңа заңның маңыздылығы жоғары. Енгізілген өзгерістер әйелдер мен кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық үшін жазаны қатаңдатуға бағытталған. Атап айтқанда, кәмелетке толмаған баланы зорлағаны үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру, ал өзін-өзі өлтіруге және қорлауға итермелегендерге қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

Азаматтар арасында заңға бағыну мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған қылмыстың ерте алдын алу жүйесін құруға арналған «Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» жаңа бірінші заңды талқылау және әзірлеу маңызды оқиғалардың бірі болды. Заң жобасында алдын алу шараларына жататын тұлғалар тізбесіне өзгерістер енгізу, сондай-ақ құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысқан азаматтарды марапатау көзделген. Заң кәмелетке толмағандар арасындағы алдын алу шараларын, соның ішінде ерекше назар аударуды қажет ететін мектептердегі балаларға міндетті педагогикалық қолдау көрсетуді де реттейді.

2024 жылғы ішкі істер органдары қоғамдық орындарда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша күшейтілген жұмысты жалғастыруда. Қүн сайын құқықтық тәртіпті қорғауға 14 мың полиция және Ұлттық ұланның әскери қызметшілері шығады. Жыл басынан бері 8 рет өткізілген «Құқықтық тәртіп» операциясы шеңберінде қылмыстық құқық бұзушылықтар саны 6%-ға, оның ішінде көшелердегі қылмыс 7%-ға төмендегені тіркелді. Елімізде тіркелген 12 млн әкімшілік құқық бұзушылық бойынша 91 мың адам жауапқа тартылды.

ЭКОНОМИКАДАҒЫ
ШОБ ҮЛЕСІ АРТТЫ

Отандық тауар өндірушілерді қолдаудың қабылданған шарала-



Биыл елорданың экономикалық табысы алғаш рет 1 триллион теңгеден асты. Осылайша, Астана аймақ дамуының драйверіне айналып келеді. Оған жыл санап қарқын алған төмендегі көрсеткіштер айқын дәлел.

АСТАНА – АЙМАҚ ДАМУЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ

шамамен 15,6 мың үлескер-отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілді. «Комфорт аймағы – 1» және «Жағалау – 4» тұрғын үй кешендерінің салымшылары өз пәтерлерінің кілттерін алды. Қала басшысының айтуынша, қалған үлескерлер бойынша мәселелер аяқталу сатысында тұр.

Инженерлік инфрақұрылым дамып келеді. Қалада ТЭЦ-3-тің бірінші кезегі мен «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станцияларын іске қосу арқылы жылу қуаты 30%-ға артты. Бұл қаланың қазіргі қажеттіктерін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мысалы, қазіргі уақытта сыртқы ауа температурасы орташа есеппен алғанда, минус 10-15°C

жүйелерін салу және қолданыстағы тазарту құрылыстары мен коллекторларды тазартып, қайта жаңғырту арқылы қазіргі таңда тек Рысқұлов көшесі, Тұран даңғылы, Триумф аркасы, Қорғалжын тас жолындағы 4 учаскенің мәселесі шешілуде.

ТҰРҒЫН АЛАПТАР ГАЗДАНДЫРЫЛДЫ

Қазіргі таңда елордадағы жеке меншік үйлердің 50%-ы газбен жылытылады. Газдандыру мәселесі белсенді жалғасуда. Биыл 1500-ден астам үй, оның ішінде Үркер тұрғын алабындағы «Family Village»-дегі 468 үй газдандырылды. Келесі жылы «Өндіріс», «Garden Village» және «Шұбар» тұрғын алаптарын газ-

мера мен 1200 жылдамдық өлшегішті орнату көзделіп отыр. Келесі жылдың басында жобаны іске асыру басталады.

КӨПІРЛЕР САЛЫНЫП, КЕПТЕЛІС АЗАЯДЫ

Президенттің тапсырмасы бойынша кешенді көлік жүйесін дамыту стратегиясы әзірленіп, бекітілді. Бағдарлама міндеттерінің бірі – қоғамдық көлікті пайдаланудың үлесін 71%-ға дейін арттыру. Бұл қарбалас уақытта қозғалыс жылдамдығын ұлғайту, жайылықты арттыру және қолжетімділікті жақсарту арқылы жүзеге асырылады. Биыл жалпы ұзындығы 60 шақырымнан тұрауын 50 көшеге орташа жөндеу

дыру қарастырылған. Соңғы екі жылда автобус паркі 706 жаңа автобуспен толықтырылып, қаладағы автопарктер 45%-ға жаңартылды.

2025 жылы қоғамдық көлік паркін тағы 300 бірлікке ұлғайту жоспарланып отыр. 170 қоғамдық және аула кеңістіктерін абаттандыру жұмыстары аяқталды. Ұлытау аллеясы, Мәңгілік ел, Тәуелсіздік, Тұран даңғылдары, Қазақ елі алаңы, Мыңжылдық аллеясының бір бөлігі, Жүргенов аллеясындағы сквер, ескі вокзал аумағы мен оған іргелес Гете және Біржан сал көшелері, Жастар саябағы, сондай-ақ «Керуен» және «Хан Шатыр» сауда орталықтарының жанындағы скверлер абаттандырылып, көгалдандырылды. Ақбұлақ жаға-

даңғылдары, «Мыңжылдық» аллеясының бөлігі, «Керуен» және «Хан Шатыр» СОО жанындағы гүлзарлар, Агроқалашық елді мекені, Жеміс даңғылы, «Жағалау» шағын ауданы, Уәлиханов көшесі және т.б. абаттандырылып, көгалдандырылды.

МЕКТЕПТЕР КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Жыл сайын қалада мектеп жасындағы балалардың саны орта есеппен 20 мыңға өсіп келеді. Елорда мектептеріндегі оқушы орындарының жетіспеушілігін жою мақсатында жыл басынан бері 18 мектеп, оның ішінде 11 «Жайлы мектеп» пайдалануға берілді. Алдағы уақытта «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асырудың арқасында екі ауысымда 90 мың оқушыға арналған 24 мектеп салынады. Келесі жылы қалада тағы 20-ға жуық мектепті пайдалануға беру жоспарлануда. 2029 жылға дейін 60 мемлекеттік балабақша салу көзделген. Бірінші кезең аясында 3000 орындық 10 балабақшаның құрылысы басталды. Сонымен қатар, 17 жеке балабақша салынады.

Мемлекет басшысы бас шаһарда мектеп жасындағы балалардың өнерге, ғылымға, технологияға және спортқа қызығушылығын арттыратын Оқушылар сарайын көптеп ашуды тапсырған болатын. Бұл ретте 2029 жылға дейін Астанада 15 заманауи Оқушылар сарайын салу міндеті тұр. Олардың екеуі қазірдің өзінде жұмыс істеуде. Бүгінде 3 нысанның құрылысы жүріп жатыр, қалғандары – жобалау сатысында. Елорданың кітапханалары заманауи мәдени кеңістіктерге айналуда. Биыл 4 жаңа кітапхана ашылса, келесі жылы тағы 7 кітапхананы жаңғырту және ашу жоспарланып отыр. Спорттық инфрақұрылымды дамыту жалғасуда. 2026 жылы «Қазақстан» спорт сарайы қайта жаңартылады. Қазіргі таңда «ҚазҒЗИ энергетика және байланыс» ЖШС-мен бірлесіп жобалау-іздістелу жұмыстары жүргізілуде. Келесі жылдың соңына дейін Қ.Мұңайтпасов атындағы орталық стадион қайта құрылып, жаңғыртылады. Медициналық инфрақұрылымды дамыту шеңберінде таяудағы бес жылда 10 нысан, оның ішінде 2 перинаталдық орталық, 2 жаңа заманауи көпсалалы аурухана, бір балалар ауруханасы, екі мемлекеттік және төрт жеке меншік емхана салынады.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖАҚСАРДЫ

Елордада халықты жұмыспен қамту мәселесі оңтайлы шешіліп, тұрақты жұмыс орындарын құруда белсенді істер атқарылуда. Бүгінгі таңда Астанада жұмыссыздық деңгейі 4,4%-ды құрайды, бұл орташа республикалық деңгейден төмен. Жұмыспен қамту шараларымен 23 мыңнан астам қамтылды, оның 13 мыңы – 35 жасқа дейінгі жастар. Қазір елордада 61 мың жұмыс орны құрылды.

Қала басшысының айтуынша, JOLTAP жобасы жүзеге асырылғалы бері бас қалада 25,5 мың жұмыссыз және өзіні өз жұмыспен қамтыған азамат жұмыспен қамтылды, 4,5 мың азамат жұмысқа орналастырылды және 7,5 мың адам сұранысқа ие 17 мамандық бойынша қысқа мерзімді оқытуға жіберілді.

Бас қала үшін 2024 жыл табысты болды. Елорданың жарқын жетістіктері де аз емес. Астана қаласының әкімі Жеміс Қасымбектің мәлімдеуінше, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері бойынша оң динамика байқалды. Қала экономикасы өсуде. Жалпы өңірлік өнім бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 7%-ды құрады, бұл – 5,4 трлн теңге. 2023 жылдың қорытындысы бойынша ағымдағы жылы жалпы өңірлік өнім құрылымында өндіріс секторының үлесі 13,9%-дан 15,7%-ға дейін өсті. Бұл өнеркәсіп және құрылыс салаларының белсенді дамуының арқасында болды.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

ОРТА КӘСІПКЕРЛЕР САНЫ АРТТЫ

Елорданың экономикалық тұрғыда ілгерілеуіне шағын және орта бизнес санының артуы оң серпін беріп келеді. Қалада жаңа жұмыс орындары құрылып, инвестиция тарту деңгейі артты. Негізгі драйвер шағын және орта бизнес болып табылады, ол елорда экономикасының 72,1%-ын, Қазақстан Республикасы бойынша орташа 38,2%-ды құрайды. Бұл – республика бойынша ең жоғары көрсеткіш. Бүгінгі таңда бас шаһарда жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 7,3%-ға өсіп, 247 мыңнан асты.

Астананың жеке табысы алғаш рет 1 трлн теңгеден артты. 2023 жылдың қорытындысы бойынша 28,6%-ға өсім 777,6 млрд теңге болды. Бұл барлық негізгі санаттар бойынша салық түсімдерінің өсуіне байланысты. Бас қаладағы инвестиция көлемі 1,6 трлн теңгеден асып, 20,4%-ға ұлғайды. Осы соманың 70%-дан астамы – жеке инвестициялар. Қаланың сәулеттік келбеті көркейіп, өркендеп өсіп келеді. Елорданың құрылыс секторының қарқыны 870 млрд теңгеден асты. Он бір айдың ішінде 3,6 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 6,4%-ға көп.

ҮЛЕСКЕРЛЕР МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛЕДІ

Астанада тозығы жеткен және апатты деп танылған ескі үйлердің мәселесін шешу жалғасуда. Реновация бағдарламасы бойынша 2029 жылға дейін бас қалада 206 апатты үйдің тұрғындарын жаңа пәтерге қоныстандыру жоспарлануда. Бағдарламаның үшінші кезеңі басталғалы бері 37 апатты үйдің тұрғындары көшірілді. Үлестік құрылыс бойынша бүгінгі таңда 142 үйдің құрылысы аяқталып,

болғанда, жылу генерациясының профициті сағатына 1200 гигакалорияды құрайды. Қала басшысының айтуынша, биыл «Тельман» газ жылу станциясының құрылысы жалғасуда, ал келесі жылы «Оңтүстік-Батыс» газ жылу станциясының құрылысы басталады. Бұл 2035 жылға дейін қаланы жеткілікті жылуден қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

СУ ТАПШЫЛЫҒЫ ЖОҚ

Бас қалада үшінші сорғы-сузгі станциясының іске қосылуы және Астана су қоймасынан екінші су құбыры желісінің құрылысы аяқталуының арқасында тәуліктік қуат қоры тәулігіне 70-80 мың текше метрді құрады. Келесі жылы Нұра жерасты су көзінен су құбырының құрылысын және «Тельман» сорғы станциясын кеңейту қолға алынады. Ұзақ мерзімді шаралар аясында Сәтбаев атындағы каналдан жаңа су құбыры жобалануда. Осы жобаларды іске асыру қаланы 2035 жылға дейін тұрақты сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Су бұру мәселесін шешу үшін көктемде тәулігіне 188 мың текше метр қуаттылығы бар екінші кәріз-тазарту құрылыстарының құрылысы басталады. Сонымен қатар, сенімді су бұруды қамтамасыз ету мақсатында қаланың ескі бөлігіндегі «Көктал», «Өндіріс» тұрғын алаптары мен Индустриялық парк аудандарында қосымша жалпы қуаттылығы шамамен тәулігіне 85 мың текше метр болатын 3 жергілікті тазарту құрылыстарын талдау және ситуациялық талдау үшін жасанды интеллектті пайдалана отырып, қалалық инфрақұрылымды кешенді басқару мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған 22 мың қа-



дандыру жобаларын іске асыру басталады. Қаладағы ЖЭО-ды газға көшіру шығарындыларды 30%-ға азайтуға мүмкіндік берді. Ал жалпы газдандырудың арқасында үш жыл ішінде атмосферамыз ластайтын зиянды заттардың жалпы көлемі 34%-ға төмендеді.

Қаланы тұрғындар үшін жайлы және қауіпсіз ету мақсатында зияткерлік бейнебақылау жүйелерімен 100% қамтуға бағытталған «Smart City» жобасы іске асырылуда. Бұл жоба аясында жол қозғалыс ережелер бұзушылықтарын талдау және ситуациялық талдау үшін жасанды интеллектті пайдалана отырып, қалалық инфрақұрылымды кешенді басқару мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған 22 мың қа-

жұмыстары жүргізілді. Әл-Фараби даңғылынан Тәуелсіздік даңғылына дейінгі көпірдің құрылысы аяқталды. Бұл Мәңгілік ел даңғылындағы жүктемелі азайтып, азаматтардың оң және сол жағалау арасындағы қозғалысын жеңілдетті.

Бүгінде LRT құрылысы бойынша жұмыстар айтарлықтай жеделдетілді. Эстакада бөлігінің құрылысы аяқталып, станцияларда темірбетон жұмыстары орындалды, сондай-ақ Есіл өзені арқылы көпір салынды. Қазіргі уақытта 18 станцияның құрылысы жүргізілуде. 2026 жылдың соңына дейін жобаны толық аяқтау жоспарланған, оның ішінде Қабанбай батыр даңғылы мен Қалдаяқов көшесінің бойындағы LRT эстакадасы астындағы аумақты абаттан-

ЖАЙЛЫ МЕКТЕП КӨБЕЙДІ

Жыл соңында Астанада тағы 4 жайлы мектеп ашылды. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек өзінің Instagram парақшасында жазды.



– Тағы 4 жайлы мектеп аштық. Олар Сарайшық, Есіл, Нұра аудандарында орналасқан. Жаңа үлгідегі тағы бір мектепті бір ай ішінде ашамыз. Осылайша, ашылған жайлы мектептердің жалпы саны – 16. Оқу жылының басынан бері барлығы 24 мектеп салдық. Жайлы мектептер Мемлекет басшысының ұлттық жобасы аясында салынып жатыр. Мәселен, «Отау» шағын ауданында (Сарайшық ауданы) мектеп болған

жоқ. Балалар басқа оқу орындарына баруға мәжбүр болды. Енді мұнда 4 мың оқушы орнына (екі ауысымды) арналған мектеп ашылды. Бұл мектеп сондай-ақ №63 мектептің шамадан тыс толып кету мәселесін шешеді. Ал Қорғалжын тасжолы, 127 мекенжайында орналасқан жаңа оқу орны тығыздылығы жоғары №90 мектептің қиындығын шешеді, – деп жазды Жеңіс Қасымбек.

Елорда әкімінің сөзінше, 2024-2025

жылдар аралығында жаңа форматта барлығы 24 мектеп салынады. Олардың 16-сы дайын.

– Жайлы мектептер екі ауысымда 90 мыңға жуық оқушы орнын ашуға мүмкіндік береді. Бұл оқу орындары қаланың барлық ауданында орналасқан. Біз сол сияқты алдағы жылдарға да дайындалып жатырмыз. Мәселен, 2025 жылы 20-ға жуық мектеп салып, пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз, – деп жазды ол.

ЖАҢА ТЕХНИКАМЕН ТОЛЫҚТЫ

Астанадағы коммуналдық парк жаңа техникамен толықты. Бұл туралы елорда әкімі Жеңіс Қасымбек өзінің Instagram парақшасында жазды.

– Қаламыз өсіп, дамып келеді, жаңа шағын аудандар мен тұрғын кварталдар, әлеуметтік нысандар, көшелер мен көпірлер салынып жатыр. Тіпті, коммуналдық қызметтерге де жүктеме артып келеді. Күнделікті оқиғалар ағымында олардың еңбегі байқала бермейді. Алайда коммуналдық қызметкерлердің күнделікті еңбегінің арқасында қаламыз үнемі таза әрі көрікті болып тұрады. Елорданың континенталды климатына қарамастан, коммуналдық кәсіпорындардың қызметкерлері күндіз де, түнде де, кез келген ауа райында жұмыс істейді. Біз өз тарапымыздан үнемі қолдау көрсетіп, еңбек жағдайын жақсартуға тырысамыз: жүйелі негізде коммуналдық қызметтер паркін жаңартып тұрамыз, сыйақылар төленеді. Мәселен, қалаға «Астана Тазалық» ЖШС және



«Астана Зеленстрой» ЖШС үшін жаңа техника жеткізілді, – деп жазды Жеңіс Қасымбек.

Елорда әкімі келер жылдың басында аралас жол машиналары, қар тиегіштер жеткізілетінін айтты.

– «Астана Тазалық» ЖШС-ке 2023-2024 жылдары сыпырғыш машиналар, аралас жол машиналары, шнекороторлар секілді арнайы техника жет-

кізілді. Келер жылдың басында аралас жол машиналары, қар тиегіштер және т. б. жеткізіледі. Биыл «Астана Зеленстрой» ЖШС автопаркіне 96 техника жеткізілді. Аталған шаралардың бәрі автопаркте жаңартуға, еңбек жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Коммуналдық қызмет мамандарына еңбегі үшін зор алғысымды білдіремін! – деп жазды қала әкімі.

ҚАР ТАЗАЛАУ ҚАРҚЫНДЫ

Елорданың коммуналдық қызметтері қар тазалау жұмысын тәулік бойы дамылсыз жүргізіп жатыр. Кеше таңертең қар тазалау жұмысына 2,6 мыңнан астам жол жұмысшысы және 1,4 мыңнан астам арнайы техника жұмылдырылды.



29-ынан 30 желтоқсанға қараған түні қаладан 2 мыңнан астам ауыр жүк рейсімен 29 мың текше метрден астам қар шығарылды. Айта кетейік, қыс мезгілі басталғалы полигондарға 152 мыңнан астам рейспен 1983248 текше метрден астам қар шығарылды. Ережеге сәйкес, ең алдымен, қалада кептеліс болмас үшін өте қарқынды қозғалыс учаскелері тазаланады. Сондай-ақ орташа қарқындылығы бар учаскелер – алаңдар, вокзал маңы аумақтары, тротуарлар, әлеуметтік нысандарға кірме жолдар және т. б. орындар қардан тазартылады. Орталық көшелерде, жолаушылар көлігі маршруттарында, аялдамалар мен тротуарларда тазалау басымдыққа ие. Елордада бірнеше жабдықталған қар полигоны жұмыс істейді. Олар самосвал техникасының нөмірлік белгілерін оқу жүйесімен жабдықталған, онда бейнебақылау камералары орнатылған, жарықтандыру қосылған. Елорда тұрғындары мен қонақтарынан жолдарда абай болуды, қауіпсіздік ережелерін сақтауды, дауылды ескерту болған жағдайда алыс сапарлардан бас тартуды сұрайды. Төтенше жағдай туындаған кезде «112» телефонына хабарласқан жөн.

Құрметті елорда тұрғындары мен қала қонақтары!

Сіздерді Жаңа 2025 жылмен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа жыл – әр адамның өміріндегі ең жарқын әрі ерекше мерекелердің бірі. Бұл – өткен жылды қорытындылап, жеткен жетістіктерімізді саралап, алдағы мақсаттарымызды айқындайтын ерекше уақыт.

Сенімдімін, өткен жыл әрбір қазақстандық отбасының өмірінде жарқын әрі маңызды оқиғаларымен есте қалады. 2025 жыл тек жақсылық, жылулық пен қуаныш әкелсін, ал барлық қиындық пен қайғы-қасірет ескі жылмен бірге

артта қалсын. Жаңа жыл сіздердің өмірлеріңізді жетістіктерге, молшылыққа, махаббат пен мықты денсаулыққа толтырсын! Сіздерге бейбіт өмір, береке-бірлік және шексіз бақыт тілеймін! Жаңа жылда барлық армандарыңыз орындалып, бастамаларыңыз табысты болсын! Мерекелеріңізбен! Жаңа жыл құтты болсын!

Ігі тілекпен,
Ерлан КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

Құрметті астаналықтар және елорда қонақтары!

Баршаңызды Жаңа 2025 жылмен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа жыл – қашанда әр адамның жүрегіне жаңа үміт пен аппақ арман ұялататын, ғажайып қиялға қол создыратын ең сүйікті мереке. Барша адамзат бұл күні өткенді ой елегінен өткізіп, жаңа жылға таза ниетпен, болашаққа деген мол сеніммен, нық қадаммен аттағанды қалайды. Ендеше Жаңа жыл әрбір

отандастарымыздың игі істері мен жаңа бастамаларына жетістік пен табыс әкелсін. Барлық асыл армандарыңыз орындалып, әрбір шаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынтымақ сыйласын!

Құрметпен,
Зулфухар ҒАЙЫПОВ,
Астана қаласы Қоғамдық
кеңесінің төрағасы

Құрметті елордалық ардагерлер, жерлестер!

Сіздерді Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің атынан Жаңа 2025 жыл мерекесімен құттықтаймын! Өткен жыл тарих қойнауына өзіндік жетістіктерімен өтсе, Жаңа 2025 жылға жаңа үміт артып, болашаққа деген тілектерімізбен, армандарымызбен, мықты денсаулықпен, өткенге риза болып, Жаңа жылға бәріміз нық қадаммен аттайық!

Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, жанұяларыңызға аманшылық пен бақ-дәулет тілейміз, еңбектеріңіз жемісті, өмір жолдарыңыз сәттіліктер мен табыстарға толы болсын. Әрбір отбасына бейбіт өмір, тыныштық және мол

жақсылық әкелсін. Әр шаңырақта ырыс-береке, мемлекетімізде бейбітшілік пен келісім болсын! Үміттеріңіз бен тілектеріңіз орындалып, барлық бастамаларыңыз сәтті нәтижелер берсін!

Алдымыздағы Жаңа 2025 жыл тек игі жақсылықтармен, мол қуаныштармен төрімізден орын алысын! Жаңа жылда елмен бірге жаңа табыстарға жете берейік! Жаңа жыл құтты болсын!

Ізгі ниетпен,
Сансызбай ЕСЛЮВ,
«Ардагерлер ұйымы» РҚБ
Астана қалалық филиалы
Ардагерлер кеңесінің төрағасы



ЖЕКЕ ҮЙЛЕРДІҢ ЖАРТЫСЫ ГАЗБЕН ҚАМТЫЛДЫ

Астана қаласы әкімдігі баспасөз қызметінің мәліметінше, 3-ЖЭО-ның бірінші кезегі мен «Тұран», «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станцияларын іске қосу арқылы жылу қуаты 30 пайызға артты. Бұл қаланың қазіргі қажеттіліктерін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр.

«Тұран» газ жылу станциясының құрылыс жұмысы толығымен аяқталды. Келесі айдың ортасына дейін станцияны қосамыз және қалаға қосымша 250 гигакалория жылу береді. Былтыр Мемлекет басшысы бұл газ жылу станциясының бірінші кезегін ашқан. Президенттің тапсырмасымен бірнеше осындай станция салынып жатыр. Мысалы, биыл «Тельман» газ жылу станциясының құрылысын бастадық. Ол да алдағы 2,5 жыл ішінде іске қосылады. Сондай-ақ 3-ЖЭО құрылысы бірінші кезегінің жұмысы аяқталды. Мәселен, былтыр Астанада қосымша 1100 гигакалория жылу берілді. Жалпы қазір қала 4 мыңдай гигакалория шығаруға дайын» деді Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек

«Жетінші арнаның» «Саясаткер» бағдарламасына жуырда берген сұхбатында.

Келесі жылы «Оңтүстік-Батыс» газ жылу станциясының құрылысы басталады. Бұл 2035 жылға дейін қаланы жеткілікті жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ тұрғын алаптарды газға қосу жұмысы жоспарлы түрде жүргізіліп жатыр. Қазіргі таңда жеке үйлердің 50 пайызы газбен қамтамасыз етілген. Биыл 1500-ден астам үй газдандырылды, оның ішінде Үркер тұрғын алабы бар. Сондай-ақ Family Village қалашығындағы 468 үйге газ тарту желілері жүргізілді. Келесі жылы Өндіріс, Garden Village және Шұбар тұрғын алаптарын газдандыру жобаларын іске асыру басталады.



2024:

ЕЛДІ ЕЛЕҢ ЕТКІЗГЕН ЕЛОРДАЛЫҚТАР

Астанада әртүрлі оқыс оқиғалар мен қиындықтардан адамдарды құтқарып қалған ержүрек жандар аз емес. Тіпті ұшқыр білімі, спорттағы және сахнадағы жетістігі арқылы Астана атауын асқақтатып жүрген жандар арамызда жүр. Elordainfo.kz жыл басынан бері жұртшылық назарында болған астаналықтар туралы айтуды жөн көрді.

ҚАҢТАР

Жылдың алғашқы айы жемісті басталды. Елордалық спортшы Дастан Ордабай Балларат қаласында өткен 2024 жылғы Virtus Oceania Road Cycling World Series велоспорт чемпионатында жеңіске жетті. Аутизм диагнозы қойылған қатысушыларға арналған жаңа II-3 санатында Дастан Ордабай екі алтын медаль жеңіп алды. Ол аутизм спектрі бұзылған алғашқы азиялық спортшы атанып, Қазақстан тарихында өз ізін қалдырды.

Астананың №3 көпбейінді қалалық ауруханасында 5 484 гр салмақпен батыр сәби дүниеге келді. Сәбидің 35 жастағы анасы бұл оның үшінші баласы екенін айтады.

Елордалық келіншек егізден

тында астаналық спортшылар Арсен Қожахметов пен Әділбек Мусин рекорд орнатты. Бірінші жарыс күнінде жүзу және суға секіру бәсекесінде елордалық спортшылар алдына жан салмай, алтыннан және күмістен алқа тақты.

НАУРЫЗ

Елордалық еріктілер әйелдерге 1000-нан аса қызғалдақ сыйлайды. «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының еріктілері Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында елорданың нәзік жанды тұрғындарын осылайша құттықтады.

Елордалық ағайынды боксшылар Париж Олимпиадасына екі жолдама жеңіп алды. Атап айтқанда, ерлер арасында аса

лат Шерниязов қатысып, игі бастамаға қолдау білдірді.

Елордада 7-сынып оқушысы Ақан Әкімжанов ерлік жасап, тұрғын үйдің 4-қабатындағы балконнан құлай жаздаған баланы құтқарып қалды.

Астанада №52 мектеп-гимназияның 11 «А» сынып оқушысы Марлен Көшербай суға батып бара жатқан бес жасар баланы құтқарып қалды.

МАУСЫМ

20 жастағы елордалық гроссмейстер Қазыбек Нөгербек Үндістанда шахматтан әлем чемпионы атанды. Ол 20 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы FIDE World Junior (Open & Girls) Chess Championships - 2024 әлем чемпионатында алтын жеңіп алды.

Елордалық өрт сөндірушілер көп қабатты тұрғын үйде өрт сөндіру кезінде 7-қабаттағы балконнан әйел адамды құтқарды. Астана қаласы ТЖД №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі Бағлан Бекшенов пен сол бөлімнің жүргізуші Қадыр Өмірзақовты «Өрте көрсеткен қайсарлығы үшін» медалімен марапаттады.

ШІЛДЕ

Астанада «Елдік рухым – домбыра» атты гала-концертте бір сәтте 400 домбырашы бірге күй шертті.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында бүркітші Астананы қоғамдық көлікпен аралап шықты. Одан бөлек автобустарда жолаушылар батырларды көріп үлгерді. Олар қаланы арнайы безендірілген автобустармен жүріп өтті.

ТАМЫЗ

8 тамызда 80 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өнер

көрсеткен елордалық боксшы Нұрбек Оралбай XXXIII жазғы Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері атанды. Астанада Нұрбек Оралбайдың жеке-жегі «Толқын» спорт кешенінде тікелей эфирде көрсетілді. Олимпиада ойындарының финалдық жекпе-жегіне украиналық Александр Хижняк Нұрбектің қарсыласы болды. Финалдық кездесу мыңдаған жанкүйер үшін эмоцияға толы болды және Александр Хижняктың жеңісімен аяқталды.

Елорда тұрғыны өртеніп жатқан пәтерден жасөспірім қызды құтқарып қалды. Ол қызыл жалынға оранған пәтерді көргеннен кейін балконнан ішке еш ойланбастан секіріп кірген. Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Алтынбек Алтаевпен және оның ұлымен кездесіп, бейбіт күннің батырын марапаттады.

Елордалық дәрігерлер ауруханада жүкті әйелді клиникалық өлімнен құтқарып қалды. Келіншектің жүрегі бір сағат ішінде 3 рет тоқтап қалған. Бір ай бойы барлық медициналық қызметкерлердің қажырлы еңбегі арқасында науқас тыныс алуды, тамақтануды, жүруді және сөйлеуді қайта үйренді.

ҚЫРКҮЙЕК

Елордалық пара дзюдошы Ақмарал Науатбек Париж Паралимпиада ойындарының алтын медалін жеңіп алды. Ақмарал тарихи нәтижені бірінші рет көрсетіп отырған жоқ. Оның есімі еліміздің тарихына пара дзюдодан тұңғыш әлем чемпионы ретінде енген. Ол осы спорт түрінен Паралимпиадада алтыннан алқа таққан алғашқы спортшы атанды.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында Астана еріктілері 100 келіден аса бауырсақ таратып, шетелдік қонақтарға бауырсақтардың қазақ мәдениетіндегі

маңызы және оны дайындау әдісі туралы айтып берді.

ҚАЗАН

Ұстаздар күні мерекесіне орай Президент Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру ісінде ұзақ жылдар бойы аянбай қызмет етіп келе жатқан Астанадағы Д.Қонаев атындағы №66 мектеп-лицейінің математика пәні мұғалімі Күшай Тердікбайды марапаттады.

Елордалық 11 жасар Нұрғиса Қуанышұлы Үндістанның Бангалор қаласында көру қабілеті зақымданған спортшылар арасында шахматтан өткен әлем чемпионатында қола жүлдеге ие болды. Айта кетейік, Нұрғиса Қазақстан бойынша көру мүшесі зақымданған жастар арасындағы әлем чемпионаттарының алғашқы жүлдегері атанды.



Астана қаласындағы БИЛ мектебінің 10-11 сынып оқушылары «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экоакциясы аясында егістікті арам шөптен тазалайтын робот машина оылап тапты.

Республика күніне орай ұлттық патриоттық сезімді оятатын әндер бойынша елорда мектептерінде «Туған елім – Қазақстаным» атты мега челлендж өтті. Астанадағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейінде төрт жүз оқушы Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әнін орындады.

Елордалық еркін күрес шебері Ризабек Айтмұхан 23 жасқа дейінгі спортшылар арасында әлем чемпионы атанды. Тиранада өткен әлем чемпионатында 97 келіде өнер көрсеткен жерлесіміз Ризабек финалда ирандық Махди Морафакты айқын жеңіспен тізе бүктірді.

Елордада бір мезетте үш мыңнан аса домбырашы «Балбырауын» күйін орындап, өнер

әлеміндегі бұл ерекше жарқын оқиға Қазақстанның Гиннес рекордтарын тіркеу кітабына енді. Күй мерекесіне мәдениет қайраткері Шолпан Қорғанбек дирижерлік етті.

ҚАРАША

5-12 қараша аралығында Үндістанның Гоа штатында өткен пара каратеден Әлем чемпионатында өнер көрсеткен елорданың 5 спортшысы жеңіс тұғырынан көрініп, алтыннан алқа тақты.

Екі елордалық азамат Ақбұлақ өзенінде суға батып бара жатқан балаларды құтқарып қалды. Жағадан балық аулаған 2014 және 2013 жылы туған екі бала абайсызда өзенге құлап кеткен. Астана қаласы мәслихатының депутаты Арсланбек Мағзұм мен Роман Стратонов балаларды қауіпсіз жерге алып шықты.

Еліміздегі үздік 10 ұстаздың қатарына Астана қаласындағы №71 мектеп-лицейінің математика пәні ұстазы Октябрина Жүніс және Экономикалық лицейдің қазақ тілі және әдебиеті пәні ұстазы Нұржан Байсаков қосылды. Үздік он ұстаздың қатарына кірген елордалық екі ұстаздың әрқайсысына 1 миллион теңгенден ақшалай сыйлық табыс етілді.

Астана қаласының №91 мектеп-гимназиясының 5-сынып оқушысы шахматтан (U8-U12) Италияда өткен халықаралық қатарына кірген елордалық екі ұстаздың әрқайсысына 1 миллион теңгенден ақшалай сыйлық табыс етілді.

Астана қаласының №91 мектеп-гимназиясының 5-сынып оқушысы шахматтан (U8-U12) Италияда өткен халықаралық қатарына кірген елордалық екі ұстаздың әрқайсысына 1 миллион теңгенден ақшалай сыйлық табыс етілді.

ЖЕЛТОҚСАН

Мысырдың Каир қаласында өткен World Series of

кейін үшемді дүниеге әкелді. 18 қаңтарда Астана қаласындағы алғашқы үшем №2 қалалық көпсалалы аурухананың акушерлік блогында дүниеге келді. Сәбилердің анасы Ажар Қабитова жұбайымен бірге 2020 жылы дүниеге келген қыздары мен 2022 жылы туған егіз балаларын тәрбиелеп отыр.

АҚПАН

Елордалық спортшылар үшін ақпан айы жеңіске толы болды. Атап айтқанда, Қатар астанасы Дохада өткен су спорты түрлерінен әлем чемпионатында ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен астаналық спортшы Эдуард Ким мен оның жұбы алтыннан алқа тағып, тарихи нәтижеге қол жеткізді. Бұл – Қазақстан атлеттерінің су спорты түрлерінен әлем чемпионатында қол жеткізген алғашқы алтын медалі.

Германияда елордалық пара дзюдошылар Ақмарал Науатбек пен Ерғали Шамей ел қоржынына 1 алтын, 1 күміс жүлде салды.

Елордалық пара спортшы Айсұлу Сүлейменова Дубай қаласында өткен жеңіл атлетикадан Dubai 2024 World Para Athletics Grand Prix 15th Faza International Athletics Championships турнирінің күміс жүлдегері атанды. Жүзуден XI Азия чемпиона-

ауыр салмақтағы 92 келідегі Айбек Оралбай мен оның сыңары – 80 келідегі Нұрбек Оралбай.

Республикалық оқушылар олимпиадасында астаналық команда 5 алтын, 6 күміс, 6 қола медальді қоржынға салды.

СӘУІР

Астанада республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында аты аңызға айналған футболшы Коло Туре мен Фадига Халилу көшет отырғызды.

Елордалық Айбота Ертақылы Францианың Тье қаласында өткен көркем гимнастикадан Гран-при кезеңінде 3 медаль иеленді.

Астаналық бұрымдылар Динара Сәдуақасова, Амина Каирбекова мен Меруерт Камалиденова шахматтан «Үздік команда» аталымын жеңіп алды.

Елордалық спортшы Ризабек Айтмұхан Бішкекте күрестен өткен Азия чемпионатында күміс жүлдеге ие болды.

МАМЫР

Астанада «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» атты ауқымды экологиялық акциясына алты ай бұрын бүйрек трансплантациясын жасаған қала тұрғыны Бекбо-



«ТЕАТР БАРЫСЫ» ТУРНИРИ

28 ақпанда Ж.Үшкөпиров атындағы Жекпе-жек сарайында актерлер арасында қазақ күресінен театрлар арасында ІІ республикалық «Театр барысы» турнирі өтті. Оның мақсаты – еліміздің театрларында ұлттық спортты дамытып, қазақ күресін кеңінен дәріптеу, сондай-ақ Қазақстанның театр кеңістігіндегі актерлердің өнер мен спорттағы шығармашылық әрі әріптестік байланысын нығайту. Жарыста еліміздің 17 өңірінен 53 театр және кино актері 5 салмақ бойынша белдесті.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ АПТАЛЫҒЫ

Елордада 3-8 шілде аралығында қазақстандық мәдениет апталығы өтті. Оның аясында Есіл өзенінің жағасында бірқатар тақырыптық іс-шаралар ұйымдастырылды. Астаналықтар мен қала қонақтарына ұлттық ойындардан түрлі интерактивтер, жарыстар дайындалды. Қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасымен бірлесіп «Қазақша лайк» ойыны өткізілді. Сондай-ақ «Менің атым Қожа» және басқа да кинофильмдер көрсетілді.

Ұлттық атмосфераға ену мақсатында ұйымдастырушылар этноауыл құрды. Жағалауда ұлттық киімдер мен өнер көрмесі кезінде «Алтыбақан» мен киіз үй орнатылды. Қонақтар Қазақстанның бай мәдени мұрасын, тазы иттер мен бүркіттерді тамашалады. Есіл өзенінің жағасында ұлттық спорттық ойындар ұйымдастырылды. «Жошы» этно-фольклорлық ансамблі қатысушылардың барлығына мерекелік көңіл күй сыйлады.

«ТЕАТРЛЫ ЕУРАЗИЯ» ЖӘНЕ ТЕАТР ALL ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕАТР ФЕСТИВАЛЬДЕРІ

Елорда күнін мерекелеу аясында 5-7 шілде аралығында «Театрлы Еуразия» халықаралық театр фестивалі өтті. Орталық саябақта өткен фестивальда Қазақстан, Ресей, Польша, Эстония және басқа да елдердің театрландырылған көше қойылымдары ұсынылды. Мұнда «Аспект», «СоЛу», «Черный квадрат», «Мимикрия», «Vokrug», «Королевский жираф» театрлары, Астана қаласы әкімдігінің Қуыршақ театры, Мұрат Мұтырғанов театры және басқа да ұжымдар өнер көрсетті. Қонақтар мен қала тұрғындары әртістер мен басқа театрлардың шерулерін тамашалады.

Ал 28 қазан мен 3 қараша аралығында көрнекті жазушы-драматург, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Роза Мұқанованың драматургиясына арналған ТЕАТР ALL



КӨШПЕНДІЛЕР ДОДАДА ОЛЖА САЛҒАН ЖЫЛ

Өтіп бара жатқан Ұлу жылы Астанада мәдениет пен өнер саласында 19 мыңнан астам іс-шара өтті. Атап айтқанда, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары, Астанадағы Мәскеу және Ташкент күндері, Қазақстандағы Тәжікстан күндері, Астанадағы Индонезия астанасы Нусантара күні, ТЕАТР ALL III халықаралық театр фестивалі, «Театрлы Еуразия» халықаралық фестивалі және т.б. көптеген іс-шара ұйымдастырылды. Бұларды 2,3 млн астам көрермен тамашалады. 2024 жылғы елордадағы басты мәдени оқиғаларды тарқатайық.

III халықаралық театр фестивалі ұйымдастырылды. Астана төрінде биыл үшінші мәрте өткен халықаралық фестивальге ел театрларымен қатар Әзербайжан, Қырғызстан өнер ұжымдары қатысты.

Театр фестивалінің шеңберінде шеберлік сабақтары мен шығармашылық кездесулер, отандық және шетелдік ғалымдардың қатысуымен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, қаламгердің «Жарық дүние» атты шығармашылық кеші өтті.

ӨЗГЕЕРІС АЛҒАШҚЫ ІРІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ХАБЫ

Астанада Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, қала әкімі Жеңіс Қасымбектің қатысуымен Өзгееріс атты алғашқы ірі шығармашылық хаб ашылды. Креативті хаб бәсекеге қабілетті заманауи өнерді дамытуға, қоғамның мәдени санасын арттыруға және дарынды әрі интеллектуалды жастарды қолдауға бағытталған. Оған бірге этно-музей мен қолөнер шеберханасы

кіреді. Мұнда заманауи арт-перформанс, музыкалық және әдеби кештер үшін трансформер зал, сондай-ақ заманауи өнер галереясы, театр алаңы және ұлттық ойындардың смарт аймағы ұсынылады. Хаб аумағында қазақстандық баспалардың кітаптары сатылады.

ТАШКЕНТТІҢ МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ

7-8 тамыз күндері Астанадағы Орталық саябақта Ташкенттің мәдениет күндері өтті. Оның аясында Ташкент әртістерінің қатысуымен концерттік бағдарламалар, ұлттық қолөнер көрмелері, отбасылық спорттық жарыстар мен ойындар, Өзбекстан туристік мүмкіндіктерінің таныстырылымы ұйымдастырылды. Дәстүрлі өзбек тағамдары сатылды. Амфитеатр сахнасында өзбек эстрадасы жұлдыздарының қатысуымен гала-концерт ұйымдастырылып, Өзбекстан мен Қазақстанның Халық әртісі Фаррух Закиров, опера өнерінің өкілі, Өзбекстанның халық әртісі Жеңісбек Пиязов пен «Бахор» ұлттық би ансамблі

және басқа да эстрада жұлдыздары өнер көрсетті.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ ДҮРКІРЕДІ

Күзде Астанада дүркіреп өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары түбі бір түркі жұртының ұлттық ойындарымен қатар мәдениет пен дәстүрді паш етті. Бағдарлама аясында театрлар шеруі, Қазақстан суретшілер одағы жұмыстарының көрмесі, сан көрсетілімдері ұйымдастырылды. «Қазанат» ипподромының жанында «Көшпенділер әлемі» этноауылы ашылып, елорда тұрғындары мен қонақтары Қазақстан халқының бай мұрасымен, көшпелі халықтардың өзіндік мәдениетімен танысты.

Этноауыл аумағында шығыс базары ұйымдастырылып, еліміздің екі жүзден астам қолөнершілері өз өнімдерін ұсынды. Ұлттық бұйымдарды жасау тәсілдері, зергерлік бұйымдар, былғары өңдеу, керамикалық мүсін бойынша шеберлік сабақтары өтті.

«НАЗ» ТЕАТРЫ, «ЖАСТАР» САРАЙЫНЫҢ, КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІНІҢ МЕРЕЙТОЙЛАРЫ

Биыл Астана қаласы әкімдігінің «Наз» мемлекеттік би театрына 25 жыл толды. Соған орай қараша айында театрдың мерейтойы аясында «Алдар көсе» хореографиялық спектаклінің премьерасы өтті.

«Жастар» сарайы да «Жарты ғасыр – жарқын жылдар» атты концертпен 50 жылдық мерейтойын атап өтті. Жас таланттарды қолдауға арналған ерекше мәдени орда – халық пен өнер арасындағы алтын көпір. Нысан жарты ғасыр ішінде өнер мен шығармашылықты дамыту орталығы болып қана қоймай, елімізге танымал көптеген өнерпаздың алғашқы қадамын жасаған алаңға айналды.

Биыл Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің құрылғанына 50 жыл толды. Мекеме қызметкерлері мерейтойды Республика күні және Кітапханашылар күні мерекелерімен қатар атап өтті.

Жалпы Астана әкімдігі мен қалалық мәслихаттың қолдауымен биыл 8 кітапханаға жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қаланың кітапхана желісі тағы 4 кітапханаға көбейді. Осылайша қалалық кітапханалар саны 22-ге жетті.

«БАЛА ҚАНЫШ», «ӘМІРЕ», «СӘКЕН»

Биыл елорда театрларында тарихи тұлғаларды таныта түскен бірнеше премьералар өтті. Атап айтқанда, Астана қаласы Қуыршақ театры «Бала Қаныш» (авторы – Қуат Ежембек, қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Құралай Ешмұратова) қойылымын ұсынды. Балаларға базарлық ретінде ұсынған туынды ғұлама ғалым, Қаз КСР Ғылым академиясының ұйымдастырушы және тұңғыш президенті, академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналды.

Ал Музыкалық жас көрермен театры «Әміре» моноспектаклінің (авторы – Қанат Жүнісов, қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров) премьерасын өткізді. Спектакль осыдан бір ғасыр бұрын қазақ әнін Еуропаға алғаш танытқан Әміре Қашаубаевтың өмірі мен өнерін арқау етті.

Жалпы осы жыл «Әміре» авторы, әнші, актер, ақын, драматург Қанат Жүнісов үшін жемісті болды. Күзде Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен оның шығармаларының он күндігі «Қолтаңба» атауымен өтті. Өнер иесі биыл аса көрнекті мемлекет қайраткері, ардақты ақын, жазушы-драматург, халық композиторы Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына «Сәкен» фильм-концертін тарту етіп, шығармашылық онкүндігін осы туындымен ашты.

Биылғы елеулі мәдени оқиғалардың қатарында көрнекті театр және кино режиссері, Қазақстанның Халық әртісі, өнертану профессоры Талғат Теменовтің шығармашылығына арналған «Теменовтің суреткерлік әлемі» атты өнер күндерін, белгілі ақын, ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Серікзат Дүйсенғазының «Ұлы дала жүрегі» атты шығармашылық кешін де ерекше атап өтуге болады.

ЕЛ ТӨРІНДЕ ТӨРТ ЖАҢА ЕСКЕРТКІШ

Биыл Астанада төрт жаңа ескерткіш бой көтерді. Көктемде Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровтың Қазақстанға ресми сапары аясында Қабанбай батыр даңғылы бойында қырғыздардың «Манас» эпосының бас кейіпкері Айкөл Манастың ескерткіші ашылды. Оның ашылуына қос елдің басшылары – Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қырғыз Республикасының президенті Садыр Жапаров қатысты.

Жада «хан шатыр» сауда-ойын-сауық орталығы маңында түрікмен ақыны Мақтұмқлының ескерткіші, тамыз айының басында Достық көшесі мен Қабанбай батыр даңғылының қиылысында өзбектің ұлы ақыны, ойшылы Әлішер Науаидің ескерткіші ашылды. Осы ескерткіштің ашылуы Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің Қазақстанға ресми сапарына орайластырылды. Ал 28 қыркүйек, Мұхтар Әуезовтің туған күніне орай Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры алаңында заңғар жазушының ескерткіші бой көтерді. Бұл орайда классик қаламгердің ескерткішін елорда төрінде орнату мәселесін «Астана ақшамы» газеті бірнеше рет көтергенін айта кету керек.

Сабина КӘКІМЖАН,
Аманғали ҚАЛЖАНОВ





Жасанды интеллект саласындағы жетістік: ақпан айында Open AI компаниясы Vincent video model Sora AI деп аталатын жаңа жасанды интеллект моделін таныстырды. Бұл модель жасанды интеллект арқылы видеогенерациялау саласында жаңа стандарт орнатып, технологиялық дамуда жаңа дәуірге жол ашты. Sora 60 секундқа дейінгі бейнебаянды егжей-тегжейлі өңделген артқы көріністер (фондарды) мен әр қырынан түсірілген күрделі бейнежазбаларды қоса отырып жасай алады. Ең басты ерекшелігі – Sora физикалық әлемді шынайы түрде модельдей алады.

Әлемдегі ең үлкен нейроморфтық компьютер сәтті жасалды: 17 сәуірде Intel компаниясы әлемдегі ең үлкен нейроморфтық компьютер – Hala Point-ті сәтті жасап шығарғанын жариялады. Бұл компьютер жасанды миға ұқсайды, 1,152 миллиард жасанды нейронды қамтитын құрылғы секундтың 380 триллион синаптикалық операцияларды орындай алады. Мұндай есептеу қабілеті адамзат әлемінде бұрын-соңды болмаған. Нейроморфтық компьютерлер болашақта деректерді өңдеу, үлгілерді тану және автономды жүйелерді дамытуда маңызды рөл атқарады.

Ирандағы өзгеріс: 19 мамырда Иран-Әзербайжан шекарасында болған авиациялық апаттан Иран президенті Ибрахим Раиси және Сыртқы істер министрі Әмір Абдоллахиян қаза тапты. 2021 жылы Иран президенті болып сайланған Ибрахим Раиси АҚШ пен Израильге қарсы қатаң саясат ұстанды. 2024 жылы 14 сәуірде Иран алғаш рет Израильге тікелей әскери соққы жасады. Шабуыл барысында Иран 185 дрон, 36 қанатты зымыран және 110 «жер-жер» санатындағы зымыран қолданды. Бұл оқиға Иран мен Израиль арасындағы шиеленістің жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетті. Бұған дейін екі ел бір-біріне тікелей әскери соққы жасамаған еді. 30 шілдеде Масуд Пезеш-

ДҮБІРГЕ ТОЛЫ ДҮНИЕ

«Ай ат басын бұрғанша, жыл жылқы аунап тұрғанша» дегендей, тағы бір жылдың қақпасын қағып тұрған сәтте, артымызда қалып бара жатқан көне жылға көңіл аударсақ, 2024 жыл тек тарихи оқиғаларымен ғана емес, болашаққа жаңа үміт пен бағыт ашқан жыл ретінде де есімізде қалды. Ендеше ескі жылдың ерекше есімізде қалған 10 жаңалығын атап көрейік.

киан жаңа президент ретінде ант берді.

Күллі әлем көз тіккен Еуропа чемпионаты: футболдан Еуропаның 17-чемпионаты 14 маусым мен 14 шілде аралығында Германияда өтті. Испания құрамасы ақтық сайыста Англияны 2:1 есебімен жеңіп, төртінші рет Еуропа чемпионы атанды. Испания құрамасының жеңісі олардың еуропалық футболдағы үстемдігін тағы да дәлелдеді. Турнир барысында көптеген жас таланттар өздерін көрсетіп, болашақта үлкен жетістіктерге жетуге үміт артты.

XXXIII жазғы Олимпиада ойындары 26 шілдеден 11 тамызға дейін Францияның Париж қаласында өтті. Дүбірлі доданың ашылу салтанатында 200-ден астам елден келген спортшылар мен делегация өкілдері қайыққа отырып, Сена өзенімен 6 шақырымды жүріп өтіп, Трокадеро алаңында жиналды. Қаладағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге 80 мыңнан астам маман жұмылдырылды. 10 миллионға жуық билет сатылған. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Қазақстан делегациясы жалпыкомандалық медальдар есебінде 1 алтын, 3 күміс және 3 қола медальмен 43-орынды иеленді.

Super heavy зымыраны сәтті қонды: Илон Масктың SpaceX компаниясы 13 қазанда алғаш рет Super Heavy зымыран тасығышын орбитаға шығарып, соңынан жерге сәтті қондырды. SpaceX-тің бұл жетістігі болашақта адамзатқа Марсты және басқа планеталарды игеруге мүмкіндік беретін революциялық серпіліс болды. Super Heavy зымыраны Starship ғарыш кемесін орбитаға шығару үшін қолданылады. Starship зымыраны алғаш рет 2023 жылы 20 сәуірде ұшырылған болатын, алайда ол бірнеше минуттан кейін жарылып кеткен еді. Бұл жетістік – SpaceX компаниясының қайта пайдаланылатын зымыран технологиясын дамытудағы маңызды қадам, ол ғарыштық тасымалдау шығынын төмендетуі де мүмкін.

АҚШ-тағы президент сайлауы: 5 қарашада өткен АҚШ-тағы президент сайлауында Республикалық партия кандидаты Дональд Трамп демократ қарсыласы Камала Харриске жеңіп, АҚШ-тың 47-президенті болып сайланды. Бұл сайлау – АҚШ тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі, себебі бұрынғы президенттің қайта сайлануы сирек кезде-

сетін жағдай. Дональд Трамптың қайта сайлануы АҚШ-тың ішкі және сыртқы саясатына елеулі өзгеріс әкелуі мүмкін, бұл әлемдік геосаясатқа да әсер ететіні сөзсіз.

Таяу Шығыстағы геосаяси жағдайдың өзгеруі: Сириядағы Асадқа қарсы күштер 27 қарашада оған қарсы соғыс ашып, аз күнде Дамашыққа дейін жетті. Башар Асад Ресейге қашты. Осылайша Асад әулетінің 53 жылдық үстемдігі мен Баас партиясының 60 жылдық билігі ресми түрде аяқталды. Бұл өзгерістер Таяу Шығыстағы саяси тепе-теңдікті де түбегейлі өзгертуі мүмкін. Әсіресе Башар Асад арқа сүйеген Ресей, Иран сияқты елдердің өңірдегі ықпалы әлсірейді. Сириядағы толқулар 2011 жылы басталды. Соғыс салдарынан миллиондаған адам босып кеткен еді.

Газа секторында қақтығыс әлі де жалғасуда, операция барысында ХАМАС-тың бірнеше жоғары лауазымды әскери және саяси жетекшілерінің көзі жойылды. Израиль ХАМАС ұйымын толықтай жоюды мақсат етіп отыр. Араб елдерінің Палестинаға қолдауының әл-

сіздігі және БҰҰ-ның бітімгершілік бастамаларының сәтсіздігі жағдайды күрделендірді.

Израиль мен Ливандағы «Хезболла» қозғалысы арасындағы қарулы қақтығыс 2024 жылдың қараша айында тоқтады. Екі тарап АҚШ ұсынған екі айлық бейбітшілік жоспарын мақұлдады. Бұл келісімге сәйкес, Израиль өз әскерін Ливаннан шығарып, шекаралас аймақтарды Ливанның тұрақты армиясына тапсыруы тиіс. Ал «Хезболла» өз қарулы күштерін Литани өзенінің солтүстігіне қарай әкетуге міндеттелді. 2024 жылдың қараша айында Израильдің әуе шабуылынан «Хезболла» ұйымының бас хатшысы Хасан Насралла қаза тапты. Ол «Хезболла» ұйымын ұзақ жылдар бойы басқарып, Израильге қарсы қарулы күрестің символы ретінде танылған.

Париждегі Әулие ана соборы қайта ашылды: 7 желтоқсанда Париждегі Нотр-Дам-де-Пари соборы қалпына келтіріліп, қайта ашылды. Қалпына келтіру жұмысы 5 жылға созылып, 250 компания мен 2000-нан астам маманның қатысуымен жүзеге асырылды. Жөндеу жұмысына 700 миллион еуро жұмсалды, оның көп бөлігі қайырымдылық қаражатынан жиналды. Собордың қайта ашылуы – Францияның мәдени және рухани өміріндегі маңызды оқиға. Өртке дейін жыл сайын 14 миллион турист келетін тарихи орын қайтадан келушілерді қабылдауға дайын. Собор құрылысы 1163 жылы басталып, 1345 жылы аяқтал-

ды. Мыңжылдық тарихы бар бұл құрылыс ЮНЕСКО-ның әлемдік мұралар тізіміне енген. 2019 жылы өрт кетіп, ғимараттың көп бөлігі зақымданған еді.

Көп адамның өмірін қиған ұшақ апаттары: жылдың соңғы айында іркес-тіркес ұшақ апаттары орын алды. 25 желтоқсанда Ақтау маңында Әзербайжанның Azerbaijan Airlines әуе компаниясына тиесілі Embraer E190 ұшағы апатқа ұшырады. Ұшақ Бакуден Грозныйға бағыт алған болатын. Онда 67 жолаушы мен 5 экипаж мүшесі болған, олардың 38-і қаза тапты. Аман қалған 29 адам ауруханаға жеткізілді. Ал 29 желтоқсан күні Оңтүстік Кореяда Boeing 737 жолаушылар ұшағы құлап, 179 адам көз жұмды, 2 адам тірі қалды. Ұшақ Jeju Air әуе компаниясына тиесілі еді. Алдын ала жасалған болжам бойынша ұшақ әуеде құсқа соғылып, қозғалтқышы істен шығуы мүмкін.

Бұдан бөлек, Шығыс Еуропадағы шиеленіс әлі шешілген жоқ. 2022 жылы басталған Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс әлі де жалғасуда. Бұл соғыс әлемдегі ең маңызды геосаяси оқиғалардың біріне айналды. Украинаға Батыс елдері, әсіресе АҚШ, Ұлыбритания және Еуропалық Одақ әскери және қаржылай қолдау көрсетуді жалғастыруда. Сонымен қатар НАТО-ның кеңеюі мен ықпалы да Украина мен Ресей арасындағы қақтығыстарға әсер етуде.

Бетті дайындаған
Қалиақбар ҮСЕМХАНҰЛЫ



Елімізде 2024 жылы «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңы ұсынылды. Заң ҚР Конституциялық сотының нормативтік қаулыларын іске асыру, оның ішінде азаматтарды әртүрлі мемлекеттік қызмет түрлеріне қабылдауға мерзімсіз тыйым салуды алып тастау, мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы оның құқықтық шешімдеріне сәйкес келтіру және құқық қорғау, әскери қызмет және арнаулы мемлекеттік органдар жүйесіндегі кадр мәселелері бойынша тәсілдерді жетілдіру мақсатында әзірленген. Осы заңдағы өзгерістер туралы ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат ҚАДЫРБЕК айтып берді.

– Мұрат Болатұлы, аталған заңның міндеттері неде? Нақты қандай салаларға өзгерістер енгізілді?

– Бұл заңның міндеттері – тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік шараларынан туындайтын мемлекеттік қызметке кіруді шектеу мерзімдерін, олардың салдарының мөлшерлестігін айқындау. Сондай-ақ құқық қорғау органдары мен Қарулы күштердегі басшы лауазымдарды іріктеуді жетілдіру және оларды жасақтау сапасын арттыру, арнаулы, әскери атағын немесе жоғары басшы құрам мен басқаларының сыныптық шенін төмендету түрінде тәртіптік жаза қолдану тәртібін реттеуді көздейді. Түзетулер 8 заңға, оның ішінде «Мемлекеттік қызмет туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы», «Арнаулы мемлекеттік органдары туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» және «Ішкі істер органдары туралы» заңдарға енгізіледі.

– Аталған міндеттер бойынша енгізілген түзетулер қандай?

– Заңның жоғарыда аталған міндеттерін ескере отырып, енгізілген түзетулерді екі блокқа бөлуге болады. Бірінші блокқа мыналарды белгілейтін түзетулер кіреді: ҚР заңдарында белгіленген шектеулерді немесе қызметтік әдепті сақтамағаны үшін жұмыстан шығарылған, тәртіптік теріс қылықтары үшін жұмыстан шығарылған адамдарға мемлекеттік қызметке қабылдау кезіндегі шектеулер мерзімдері. Сонымен қатар кәсіби жарамсыздығына қарай атқаратын лауазымына сай келмеу жөніндегі өкілетін тоқтатқан судьяларға қандай да бір уақытша шектеу-



және кадр резервтерін жою, сондай-ақ қызметкерлердің қызметін бағалау, цифрлық рейтингті енгізу (бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші), жоғары тұрған басшылық лауазымдарға ұсыну үшін жоспардан тыс аттестаттауды және полиграфологиялық зерттеуді енгізу, аттестаттаудың қосымша кезеңі ретінде психологиялық-әлеуметтік зерттеуді қосу, ҚР Президентінің кезектен тыс аттестаттау кезеңдерін айқындау, әдеп нормаларын және басқаларды бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейту жатады.

– Заң қандай негізгі ережелер мен новеллаларды қамтиды?

– Осы заң арқылы құқық қорғау қызметінде цифрлық рейтинг (бәсекеге қабілеттілік көрсеткіші) енгізіледі. Құқық қорғау қызметіне кан-

“

дидаттың цифрлық рейтингі қызметкерлерді іріктеу және құқық қорғау органдарында басшы лауазымдарға ұсыну кезінде ескеріледі. «Құқық қорғау қызметі туралы» заңынан құқық қорғау органдары басшылығының Президенттік резерві, құқық қорғау органының кадрлық резерві, сондай-ақ құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қызметін бағалау туралы нормалар алынып тасталады. Аталған институттарды жою Мемлекет басшысының Президенттік және кадрлық резервтерді басшылық лауазымдарға кандидаттардың цифрлық рейтингіне ауыстыру туралы тапсырмасымен негізделеді. Қолданыстағы заң бойынша жоспарлы негізде 5 жылда 1 рет жүзеге асырылатын құқық қорғау органында басшы лауазымды атқаратын қызметкерлерді ротаациялау мерзімі 3 жылда 1 рет өткізу мерзіміне өзгертіледі. Қызметкерді құқық қорғау органдарында жоғары тұрған басшылық лауазымға өсіру мәселесін шешу үшін жоспардан тыс аттестаттау және полиграфологиялық зерттеу енгізіледі

дидаттың цифрлық рейтингі қызметкерлерді іріктеу және құқық қорғау органдарында басшы лауазымдарға ұсыну кезінде ескеріледі. «Құқық қорғау қызметі туралы» заңынан құқық қорғау органдары басшылығының Президенттік резерві, құқық қорғау органының кадрлық резерві, сондай-ақ құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қызметін бағалау туралы нормалар алынып тасталады. Аталған институттарды жою Мемлекет басшысының Президенттік және кадрлық резервтерді басшылық лауазымдарға кандидаттардың цифрлық рейтингіне ауыстыру туралы тапсырмасымен негізделеді. Қолданыстағы заң бойынша жоспарлы негізде 5 жылда 1 рет жүзеге асырылатын құқық қорғау органында басшы лауазымды атқаратын қызметкерлерді ротаациялау мерзімі 3 жылда 1 рет өткізу мерзіміне өзгертіледі. Қызметкерді құқық қорғау органдарында жоғары тұрған басшылық лауазымға өсіру мәселесін шешу үшін жоспардан тыс аттестаттау және полиграфологиялық

зерттеу енгізіледі. Құқық қорғау органының қызметкерін аттестаттаудың міндетті кезеңі ретінде психологиялық-әлеуметтік зерттеу жүргізу қосылады. Құқық қорғау органы қызметкерін аттестаттау кезеңі ретінде полиграфологиялық зерттеу енгізіледі, ол құқық қорғау органы басшысының шешімі бойынша жүргізіледі. Мемлекеттік әкімшілік қызметке қабылдау кезіндегі шектеулердің негіздері мен мерзімдері айқындалып, сондай-ақ мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілердің мемлекеттік қызметті тоқтатуының негіздері нақтыланып, тұтастай алғанда, оларды құқықтық реттеу тетіктері жетілдіріледі. Келісімшарттық қызметшіні мемлекеттік органдарға тартуға мүмкіндік бермейтін негіздер тізімі жаңа негіздермен толықтырылады. Кәсіптік жарамсыздығына байланысты атқаратын лауазымына сәйкес келмеуі туралы шешімнің негізінде өкілетін тоқтатқан судьяларға қандай да бір уақытша шектеусіз мемлекеттік қызмет саласындағы еңбек бостандығына конституциялық құқықты іске асырудың құқықтық тетігі белгіленеді.

– Бұл заңнан қандай нәтиже күтуге болады?

– Заңның қабылдануы республикалық бюджеттен қаржылық шығындарды талап етпейді және теріс әлеуметтік-экономикалық, құқықтық немесе өзге де салдарға әкеп соқпайды. Тұтастай алғанда, заңның қабылдануы әділдік, пропорционалдылық және өлшемділік талаптарына сәйкес келетін мемлекеттік қызметке кіруді шектеу мерзімдерін айқындауға, құқық қорғау органдарында кадрлық үрдістерді цифрландыру бойынша жұмыс жүргізуге, олардағы басшылық лауазымдарды ротаациялаудың бірыңғай тәртібін белгілеуге, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың басшы лауазымдарына кандидаттарды іріктеу тетігін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Сұхбаттасқан
Райхан РАХМЕТОВА

ЖАҢА ЗАҢДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР НЕНІ КӨЗДЕЙДІ?

сіз мемлекеттік қызмет саласындағы еңбек бостандығына конституциялық құқықты іске асыру. Оған қоса, қатарынан үш және одан да көп сағат ішінде қызметте болмағаны үшін әскери қызметтен босатылған адамдардың әскери қызметке кіруіне мерзімсіз тыйым салуды алып тастау. Конституцияның 4-бабының 3-тармағына сәйкес, ратификацияланған халықаралық шарттардың ұлттық заңнамалардан басымдығы туралы нормалар. Ал түзетулердің екінші блогына Президенттік

“

Заңның қабылдануы әділдік, пропорционалдылық және өлшемділік талаптарына сәйкес келетін мемлекеттік қызметке кіруді шектеу мерзімдерін айқындауға, құқық қорғау органдарында кадрлық үрдістерді цифрландыру бойынша жұмыс жүргізуге, олардағы басшылық лауазымдарды ротаациялаудың бірыңғай тәртібін белгілеуге, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың басшы лауазымдарына кандидаттарды іріктеу тетігін жетілдіруге мүмкіндік береді

Шапағат
ӘБДІР

«ТҮЛКІЛІТАУДЫҢ АСПАНЫ» ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Астанада белгілі журналист, «Астана ақшамы» газетінің шеф-редакторы, әлеуметтік ғылымдар магистрі, медиа зерттеуші, Қазақстан Республикасы Президентінің БАҚ саласындағы сыйлығының биылғы лауреаты Төлен Тілеубайдың «Түлкілітаудың аспаны» атты жаңа кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Салтанатты жиынға абылайтанушы және мағжантанушы ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан жоғары мектебі ұлттық академиясының академигі, Төленнің ұстазы Зарқын Тайшыбай, БАҚ саласындағы Президент сыйлығының тұңғыш иегерлерінің бірі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Астана ақшамы» газетінің бас редакторы Еркін Қыдыр, ақын, Парламент Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан, алаштанушы ғалым, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті журналистика және саясаттану факультетінің деканы Қайрат Сақ, ақын, бард, «қазақтың сары тентегі», Төленнің рухани ұстазы Қуаныш Мақсұтов, ақын, журналист Айбатыр Сейтак, алаштанушы ғалым, медиа сарапшы, Төленнің ұстазы Мейрамхан Жәпек, автордың сыныптасы, талантты суретші Дәулет Ізбасаров және зиялы қауым өкілдері, оқырман қауым қатысты.



Тұсаукесерді айтыскер ақын, ғалым-ұстаз, филология ғылымдарының кандидаты Айтбай Жұмағұл жүргізді. Жаңа кітаптың тұсауы кесілгеннен кейін азаматтар қаламгерге бір-бір ауыз жылы лебізін айтып, шығармашылық жолына сәттілік тіледі. 50 жас мерейтойын зор жетістіктермен қарсы алған әріптесіміздің бұл туындысы да қасиетті қаламының жүйріктігі мен еңбекке адалдығының жемісі екенін жұрттың бәрі біледі. «Еңбегің қатты болса, татқаның тәтті болады» дегендей, шығармашылық адамының ең тәтті жемісі де, жетістігі мен жеңісі де шығарған кітабы екені ақиқат. Жаңа кітап Қарағанды қаласындағы «Tengri» баспасынан 1000 данамен жарыққа шықты. Оқыған адамды өзінің ішкі терең иіріммен баурап, түрлі ойға жетелейтін шығарманың оқырмандары көп болсын деп тілейміз!



Айгүл УАЙС

Жалпы Астананың ақпарат кеңістігінде 640-тан астам бұқаралық ақпарат құралдары бар. Соның 30-дан астамы телеарна болса, 490-нан астамы – баспа басылымы, 137-сі – интернет-ресурстар. Бұл астаналық журналистер арасында шығармашылық бәсеке бар екенін, кәсіби орта қалыптасқанын көрсетеді. «Elorda Aqparat» медиахолдингінің журналистер қауымы да осы ортаның көш басында келеді.

Биыл Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ең мықты деген журналистерді Ақордада жинаған кезінде: «Журналист – мәртебелі мамандық. Ол – ақиқат сөздің, өткір ой мен шынайы пікірдің және әділ істің жақтаушысы. Сондықтан біз медиа саласының мамандарына әрдайым зор құрметпен қараймыз. Түптеп келгенде, мемлекет те, журналист те ұлт үшін қызмет етеді, ел тағдырын шешуге атсалысады. Өйткені ұлт баспасөзі мен ұлт мүддесі қай кезде де өзектес болған. Қазір де солай. Кез келген еңбек бағалануға тиіс. Өркениетті қоғам масс-медиа мейлінше қажетті ерекше қадірлейді. Жыл сайын елімізде үздік журналистерге сыйлықтар табысталады. Бұл – қалыптасқан дәстүр. Бұдан бөлек, былтырдан бері мереке қарсаңында журналистерге пәтер кілтін табыстауды дәстүрге айналдырдық. Бұл үрдіс биыл да, алдағы уақытта да жалғаса береді» деген болатын.

Расымен, қазіргідей құбылмалы заманда халыққа жан-жақты сарапталған, тексерілген, шынайы ақпаратты ұсынудың, азаматтарды адастыратын ақпаратқа жол бермеудің маңызы зор. Осы жолда ұлт мүддесін көздеген ақпарат құралдарында ондаған жылдар бойына еңбек етіп жүрген журналистер көп. Олардың көбі, әсіресе аймақтағы журналистер аз ғана жалақымен жүрсе де, баспанасыз, жалдамалы пәтерде күн кешсе де, қаламын басқа кәсіпке айырбастамай, өз қызметіне адал болып қалауда. Өз мамандығын шынайы жақсы көретін сондай журналистерге Президент бастамасымен соңғы екі жылда 132 пәтер беріліпті. Соның ішінде биыл да бірқатар БАҚ қызметкеріне 67 пәтер беріліп, журналистер қоныстойын тойлауда. Алдағы уақытта өзіміздің медикомпания журналистері осындай жақсылыққа жетеді деген үміттеміз.

Ақмолада жарық көріп, Астанада 30 жылдан астам уақыт бойына басылып келе жатқан барша республикаға таралатын басылым – «Астана ақшамы» газетінің биылғы төл мереке қарсаңында сүйіншілер жаңалығы көп болды. Соның ішінде ең үлкен марапат – газеттің шеф-редакторы, белгілі журналисті Төлен Тілеубайдың Мемлекет басшысының өкімімен ҚР Президентінің

«ELORDA AQPAPAT» БИКТЕРДІ ЕҢСЕРГЕН ЖЫЛ

Журналистика – қоғам мен азаматтардың игілігі үшін қызмет ететін, билікке бұқараның үнін жеткізіп, қалам ұшымен қоғам дертін де көрсете білетін маңызды әлеуметтік институт. Оның белсенді жұмысының нәтижесінде қоғамның түйінді мәселелерін шешуге атсалысып, елде болып жатқан игі істерді алдымен сүйіншілеп жатады. Елордалық тілшілер де өз оқырмандарының талпынысы мен таңдауына ықпал етіп, қоғам дамуындағы үлесін айшықтап келеді.



БАҚ саласындағы сыйлығын иеленуі. Төлен Тілеубай Президент Жарлығымен мемлекеттік награда – «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісін кеудесіне тақты.

34 жыл ішінде елорданың төл басылымы өсу-өркендеу кезеңінен өтіп, қаланың тыныс-тіршілігін, алған асулары мен жеткен жетістіктерін қалың бұқараға жүйелі жеткізуші ғана емес, ел руханиятындағы, халық тағдырындағы өзекті мәселелерге үн қосатын, мазмұны байыған, ойы кемелденген басылымға айналды. Оқырманның ұдайы үдесінен шығуға ұмтылатын басылымның қол жеткізген жетістігі де бір төбе. Соның бір дәлелі – 2002 жылы «Астана ақшамы» газеті Қазақстан журналистика академиясының

«Алтын жұлдыз» сыйлығының лауреаты атанды. Басылым 2018 жылы ҚР Президентінің Алғыс хаты мен «Нұр-Сұңқар» сыйлығын алды. Бұл – өткен жылдар жетістігі.

Биыл елордамызда үш күн қатарынан жалғасқан Astana Media Week-2024 апталығында, жылдағы дәстүрге сай, «Үркер» ұлттық сыйлығының жеңімпаздары қатарында «Жылдың үздік журналистік зерттеуі» аталымы бойынша Нұрлат Байгенже оза шауып, бас бейгені еншіледі.

«Астана» халықаралық қаржы орталығында өткен Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған БАҚ өкілдері арасындағы «Тұмар» байқауы аса беделді. Астана күніне арналған БАҚ өкілдері арасындағы

республикалық байқаудың да танымалдылығы мен қатысушылар қатары артып келеді. Биылғы қорытынды бойынша топ жарған журналистердің арасында «Elorda Aqparat» ЖШС-ке қарасты «Вечерняя Астана» газетінің және elordainfo.kz сайтының қызметкерлері болды. Атап айтқанда, «Вечерняя Астана» газетінің шеф-редакторы Айгүл Алжаксина «Астана қаласы мәслихаты жайлы үздік материал» номинациясын жеңіп алды, ал elordainfo.kz сайтының журналисі Зарина Кеңесова Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы интернет-басылымдардағы материалдар бойынша «Үздік шолушы» номинациясы жүлдегерінің бірі атанды.



«Таза Қазақстан» экобағдарламасы аясында өткен «Таза Қазақстан – таза Астана» байқауының жеңімпаздары марапатталды. «Астана Тазалық» қызметінің қалыптасуы, дамуы, жетістіктері мен келешегі туралы қалам тербеген тілшілердің арасында тағы да 4 журналист топ жарды. «Таза Қазақстан» байқауының жеңімпаздары қатарында «Баспа басылымындағы үздік мақала» номинациясы бойынша 1-орынды «Астана ақшамы» газетінің белді журналисі Райхан Рахметова қанжығасына байласа, «Интернет-басылымдағы үздік жарияланым» номинациясы бойынша elordainfo.kz сайтының тілшісі Сәбина Кәкімжан 2-орынды иеленді. Бұдан бөлек, бірнеше БАҚ өкілдері «Астана Тазалық» компаниясының арнайы сыйлығымен марапатталды. Олардың қатарында әріптестеріміз, elordainfo.kz сайтының тілшісі Екатерина Тыщенко бар.

Астана қаласы тұрғындары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға және парасаттылық құндылықтарын ілгерілету мақсатында өткен журналистер арасында «Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік тақырыбындағы үздік жұмыстар» байқауында әріптесіміз Қалинабар Үсемханнның еңбегі аталып өтіп, бағалы сыйлық иемденді.

Биыл медиахолдинг ұйымдастыруымен журналистер мен қаламгерлер арасында бильярд жарысы Республика күніне орай және мәслихаттардың 30 жылдығы аясында Астана қалалық мәслихатының қолдауымен өтті. Жалпы жұлде қоры 1 миллион 900 мың теңгені құрайтын, биыл дәстүрлі түрде үшінші мәрте ұйымдастырылған турнирге Қойшығара Салғараұлы, Төлен Әбдік бастаған иісі қазаққа танымал ақын-жазушылар, ардагер журналистер, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, халық әртісі Секен Тұрысбеков сынды өнер жұлдыздары, қоғам қайраткерлері қатысты. Жарыстың ашылу салтанатында сөз сөйлеген Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Қаналимов барша отандастарды ұлтымыздың ұлық мерекесі – Республика күнімен құттықтап, бұл күннің еліміз үшін маңызы айрықша екенін дәйекті дәлелмен атап өтті. «Биыл Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығына орай қаламызда көп-

теген іс-шара ұйымдастырылды. Соның бірі – «Elorda Aqparat» медиахолдингі Дәстүрлі түрде өткізіп келе жатқан бильярд турнирі Республика күнімен тұспа-тұс келіп отыр. Сондықтан қатысушыларға мәслихаттардың 30 жылдығымен байланысты арнайы жұлделер де тағайындалды» деп өз сөзін түйіндеген ол арнайы марапаттарды өз қолымен тапсырды. Жүсіпбек Аймауытов атындағы номинация Мемлекеттік сыйлық пен Франц Кафка атындағы сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы Төлен Әбдікке берілді; Әлкей Марғұлан атындағы номинация – жазушы Қойшығара Салғараұлына; Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы номинация – Премьер-министр кеңсесі басшысының орынбасары, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Еркем Аманшаевқа; Қаныш Сәтбаев атындағы номинация Ұлттық ғылым академиясының академигі Уәлихан Қалижановқа табысталады. Жарыстың бас төрешісі белгілі спорт журналисі Несіп Жүнісбайұлы болды. Қатысушыларға қомақты жұлдеден бөлек, арнаулы сыйлықтар таратылды.

Бұл – компанияның бір мезетті сәті. Жыл бойына тынбай ізденіп, ел-жұрт, елорда тынысын жігі бақылап, елордалықтардың жақсылығына қуанып, жақсы істерге бастайтын компанияның қарбалас тірлігінің бір өлшемі ғана. Ең бастысы – «Elorda Aqparat» медиахолдингі ел алдында!

ҚЫСҚЫ КАНИКУЛ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?



2024 жылғы 30 желтоқсаннан 2025 жылғы 8 қаңтарға дейінгі қысқы каникул кезінде Астанада мектеп оқушыларының толыққанды демалысы мен бос уақытын тиімді өткізуді қамтамасыз ету мақсатында сан алуан іс-шара өтеді. Қыс қызығы елордадағы түрлі сырғанақтар мен мұз алаңдары да болғалы отыр. Одан бөлек, елордалық Білім басқармасы қалада өтетін іс-шаралардың циклограммасын ұсынды. Олардың мазмұны мен бағыты мәдени-ағарту, дене шынықтыру-сауықтыру, профилактикалық және экскурсиялық нысандарды қамтиды.

Райхан ПАХМЕТОВА

Астана қалалық Білім басқармасы берген мәліметтерге сүйенсек, жаңа жылдық демалыс кезінде білім беру ұйымдарында 48000-нан астам оқушыны қамтитын 170 іс-шара өтеді. 7222 оқушыны қамти отырып, мәдени-демалыс іс-шараларын өткізу де жоспарланған, атап айтқанда, театрлар – 1200 балаға, кітапханалар – 680 балаға, мұражайлар – 810 балаға, кинотеатрлар 4532 балаға іс-шаралар өткізеді. Сондай-ақ 2 Оқушы сарайында 20-30 желтоқсан аралығында 16805 бала қатысқан жаңа жылдық ертеңгіліктер ұйымдастырылды. Жаңа жылдық мерекеде 28 студент жатақханада қалып, қалғандары тұрғылықты жеріне кетеді. Барлық жатақханада колледж әкімшілігі мен педагогтары тарапынан кезекшілік ұйымдастырылады.

Демалыста қосымша білім беру ұйымдарында кесте бойынша шығармашылық бірлестіктер мен спорт секциялары жұмыс істейді. Онда 27 мыңнан астам тәрбиеленуші үйірмелерге

барады. Барлық білім беру мекемесінде іс-шаралар жоспары, спорт клубтарының, үйірмелер мен секциялардың жұмыс кестесі, мектеп кітапханаларының, компьютер сыныптарының, балаларға қосымша білім беру мекемелерінің жұмыстары, дарынды, үлгерімі төмен балалармен қосымша сабақтар өткізу, қорытынды аттестаттауға дайындық бойынша факультативтер орналастырылған ақпарат стендтері ресімделді.

Қысқы демалыс кезінде әртүрлі ведомстволық есепте тұрған оқушыларға ерекше назар аударылады. Есепте тұрған 697 оқушының әрбіріне жеке жұмыс жоспары жасалды, жасөспірімдер мектепте де, балалардың қосымша білім беру ұйымдарында да өтетін іс-шараларға тартылды. Бұл мәселе тұрақты бақылауда және ұйым басшылары ай сайын қауіпсіздік және үйдегі қауіпсіз мінез-құлық мәселелері бойынша оқыту семинарлары, оқу жаттығулары, төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық ережелері бойынша нұсқаулықтар өткізеді. Барлық іс-шара «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру аясында балалар мен студенттердің бойында экологиялық мәдениетті тәрбиелеуге, рухани-адамгершілік

қасиеттерді, азаматтық жауапкершілік пен толеранттылықты қалыптастыруға бағытталған.

– Бізде «Әкелер мектебі» деген клуб бар, солардың ұйымдастыруымен 7 қаңтарда Ұлттық музейге 6-7-сыныптан үздік оқитын 200 баланы экскурсияға апаруды жоспарлап отырмыз. Аталған клуб балалардың барып-келуін тегін ұйымдастыруда. Сонымен қатар каникулда мектептегі үйірмелер бірінші жартыжылдықтағы жұмыстарының қорытындысын көрсетеді, көрмелер өткізеді. Сондай-ақ «Алау» мұз айдынына оқушылар сынып жетекшілерімен бірге барады. Сосын қысқы эстафеталық ойындар өткіземіз, – дейді Астанадағы №59 мектеп-лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жаннұр Асипова.

Бірқатар ата-ана балаларының әбден тынығып, ұйқысын қандырып, киноға барып, қаладағы сырғанақтарда ойнап, демалысын бірқалыпты өткізуді қолдаса, кейбір ата-ана жағдайына қарай Астанада күннің көзі аз түсетініне байланысты ауа райы жылы елдерге саяхаттап барып келуді, сол жақта балаларының бойына ДЗ дәруменін алып қайтуды жөн санайды. Ал кей ата-ана бала-

ларын ата-әжесінің ауылына, Алматы, Шымкент және басқа да қалаларға каникулға жібереді. Қаладағы қосымша білім беру ұйымдарында үйірмелер үздіксіз жұмыс істейтіндіктен, балалар сол машығын да дамытуын жалғастыра береді.

ҚАЙ ЖЕРДЕ ҚАНДАЙ СЫРҒАНАҚТАР БАР?

Астанада қысты қызықты өткізу үшін биыл көптеген мұз айдыны мен сырғанақ ашылды. Сондай 60 нысан елорданың 6 ауданында салынды.

Есіл ауданындағы ЭКСПО кешені аумағында қала қонақтары мен тұрғындары үшін қысқы серуен мен сырғанақтың ерекше түрлері қарастырылған. Мәселен, сырғанақ, төбеден сырғанау, жайлы кафе, ыңғайлы паркинг қысқы демалысты қызықты ете түседі. Әсіресе ауданы 1300 шаршы метрлік мұзды сырғанақ – ең басты сырғанау нысаны. Бұл жерде коньки жалдап сағат сырғанау бағасы – 2000 теңге. Ал өзінің коньки бар адамдар тегін сырғанайды. Жұмыс істеу уақыты – жұмыс күндері сағат 12:00- 22:00 аралығы, ал демалыс күндері сағат 10:00-22:00 аралығы. Төбеден, дөңестен сырғанауды жақсы

көретіндер үшін екі биіктік бар, бірінің биіктігі 7 метр болса, екіншісі балаларға арналған – 5 метр. Тюбингі жарты сағатқа жалдау ақысы – 1000 теңге. Бұл жерде күн сайын таңертең сағат 11:00-ден түнгі 24:00-ге дейін келіп сырғанауға болады. Сонымен қатар бұл ауданда Пригородный тұрғын алабында да сырғанақ бар, жаңа жылдық шырша Ботаникалық бақта, ЭКСПО аумағында, Қабанбай батыр көшесіндегі көпір маңында, Достық көшесіндегі жаңа саябақта қойылды.

Сарыарқа ауданында 12 төбеден сырғанау мен 4 сырғанақ бар. Олар қалалық алаңда, Бөгенбай батыр даңғылындағы гүлзарда, Көктал паркінде, Есіл өзені жағалауында және басқа орындарда жасалған.

Байқоңыр ауданында Жастар сарайы аумағында, Ататүрік саябағында, Жазушылар аллеясында, «Өндіріс», «Кирпичный», «Қазқалашық» және басқа да тұрғын алаптарда сырғанақтардың түр-түрі бар.

Алматы және Сарайшық аудандарында «Қазақ елі» монументі алаңында екі үлкен мұзды сырғанақ пен жаңа жылдық шырша қала көркін ашады. Алаң аумағында мұздан жасалған түрлі мүсін қысқы

демалысты қызықты ете түседі. Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы маңында да сырғанақтар мен шыршалар, фотоаймақтар қойылған. Оның бер жағындағы Триатлон саябағы да сырғанақтарымен қызықтырады. Sana Sport кешені аумағы – сондай тартымды нысанның бірі. Тағы бір 4 сырғанақ «Теміржолшылар», «Өндіріс», «Интернациональный» және «Күйгенжар» тұрғын алаптарында ашылған.

Нұра ауданында тақырыптық шағын сәулет мүсіндері мұздан жасалып, қалаға көрік берсе, 7 төбеден сырғанау және сырғанақтар балалар үшін нағыз ойын алаңы болады. 14 желтоқсаннан бастап Орталық қалалық парктегі «Сағат-мұнара» жанынан басталатын 290 метрлік желілік сырғанақ жұмыс істеп тұр. «Астана Арена» стадионы аумағында 2 сырғанақ пен 2 төбеден сырғанау нысаны пайда болды. Қала бойынша ең биік, 25 метрлік шырша осы жерде. Сол сияқты Жағалау гүлзары мен «Үркер» тұрғын алабында, «Жасыл квартал» тұрғын үй кешені жанындағы Ғашықтар саябағы аумағында да жаңа жылдық фото аймақтар қала тұрғындарының қысқы демалысын қызықты ету тусу үшін ашылған.



Астана қаласының Әділет департаменті Астана қаласының жекеше нотариусы

Гаухар Жұмағатқызы Шаймерденованың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, туыстары мен жақындарына қайғыра көңіл айтады.



Газетіміздің келесі саны 2025 жылдың 7 қаңтарында шығады.



10 000-ға ЖУЫҚ АДАМ ҚАТЫСТЫ

Бас қала аудандарында Жаңа жылға арналған мерекелік бағдарламалар өтті. Оған елорданың 10000-ға жуық қонағы мен тұрғыны қатысты. Сондай-ақ олар үшін концерттер, эстафеталар және сыйлықтар әзірленді.

Сарыарқа ауданы. Қалалық алаңда (қала әкімдігінің алды) шығармашылық ұжымдардың жаңа жылдық бағдарламасы және шайбалы хоккей бойынша кәсіби хоккейшілердің қатысуымен шеберлік сабағы өтті.

Алматы ауданы. Тәуелсіздік даңғылындағы Оқушылар сарайының аумағында балалар

шығармашылық ұжымдарының қатысуымен мерекелік концерт өтті.

Нұра ауданы. «Астана Арена» стадионында қатысушыларға арнап көңілді старттар, конькимен сырғанау бойынша шеберлік сабағы, эстафета және концерттік бағдарлама өтті.

Сарайшық ауданы. «Қазақ елі» монументінің жанындағы алаңда мерекелік іс-шара, көңілді старттар ұйымдастырылып, эстрада жұлдыздары мен шығармашылық ұжымдардың қатысуымен концерт қойылды.

Есіл ауданы. ЭКСПО аумағындағы мерекелік бағдарлама екі сағатқа созылды. Келушілер шайбалы хоккейден

шеберлік сабағы мен жүлдесі бар эстафеталарға қатысып, концерт тамашалады.

Айта кететіні, бас қалада слайдтар, тюбингтер мен конькилерді жалға беру, мұз айдындары, фотоаймақтар жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ пиротехникалық заттардың сатылуын бақылау бойынша рейд жүріп жатыр.



ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ОТБАСЫЛЫҚ ЭСТАФЕТА

Елордада жүгіруден Триатлон саябағында отбасылық эстафета ұйымдастырылды.

Іс-шара таңғы жаттығумен басталып, қатысушылар жарақат алып қалмау мақсатында денелерін қыздырды. Артынша бәсекені әкелер бастап, 2,3 шақырым қашықтықта сынға түсті. Бұдан кейін арнайы лента анасы және баласына беріліп, бір отбасы толық 3 шақырымды жүгіріп өтті. Осылайша жүгіруге қатысқан отбасылардың құрамында әкесі 2,3 шақырым, анасы 0,5 шақырым, баласы 0,2 шақырым қашықтықты бағындырды.

«Астана қаласындағы бұқаралық сипатқа ие болған спорт түрі – жүгіру. 2024 жылы 40-қа жуық жүгіріс ұйымдастырыл-

«2019 жылдан бері жүгірумен тұрақты түрде айналысамын. Бастапқыда өзім, артынша отбасымды да спортқа баулыдым. Жалпы қай жерде болсам да, спорт шараларын жібермеуге тырысамын. Салауатты өмір салтын ұстанудың арқасында артық салмақтан арылып, өзімді жақсы сезінемін. Қазақстандағы барлық ірі марафонға қатыстым. Енді әлемдік мейджорларды көздеймін. Отбасым өзім үлгі болсам деймін» деді Марғұлан Ермағанбетұлы.

Нәтижесінде 8-9 жас аралығы бойынша бірінші



ҚУЫРШАҚТАР ҚОЙЫЛЫМЫ

Астана қаласы әкімдігі Қуыршақ театрының шығармашылық ұжымы, қала тұрғындары мен қонақтарының қатысуымен Жаңа жыл қарсаңында Сарайшық ауданында жаңа жылдық қойылым көрсетілді.

Мерекелік іс-шара «Отау» шағын ауданында өтті. Қызықты бағдарлама кезінде балалар танымал мультфильм кейіпкерлерімен бірге Аяз атаның сиқырлы шанасын реттестіруге көмектесіп, жаңа 2025 жылды «құтқарды».

«Біздің жаңа Сарайшық ауданының «Отау» шағын ауданында қаланың кішкентай тұрғындары үшін жаңа жылдық іс-шара өтті. Астана қаласы әкімдігі Қуыршақ театрының әртістері Круэлла, Аяз ата, Ақшақар сияқты мультфильмдердің танымал кейіпкерлерінің қатысуымен спектакль ұсынды. Іс-шараға шағын ауданның 700-ге жуық тұрғыны қатысты. Балалар қуанышпен ән шырқады, би биледі, ойнады және кейіпкерлермен бірге көңіл көтерді» деді Сарайшық ауданы әкімдігінің бас инспекторы Әкімжан Болтаев.



Ертегі қойылымынан кейін балалар билер мен музыкалық шығармаларды орындау арқылы өз өнерін көрсетті.

«Қуыршақ театрының ұйымдастырушылары мен әртістеріне балаларымызға осындай керемет жаңа жылдық сыйлық жасағаны үшін көп рақмет! Спектакль керемет, мейірім мен сиқырға толы болды. Кішкентайлардың күліп, шын жүректен қуанғанын көру – ата-ана үшін ең үлкен бақыт. Мұндай іс-шаралар мерекенің ерекше атмосферасын қалыптастырады және біздің ауданды, шынымен, жайлы етеді» деді елорда тұрғыны Сәліма Байдәулетова.

ды. Ал отбасылық эстафетаны желтоқсан айында екінші рет өткіздік. 50-ге жуық отбасының қатысуын жақсы көрсеткіш деп айтар едім. Салауатты өмір салтын ұстану арқасында келешекте спортқа жақын, тәні сау жастар қалыптасады» деді Астана қаласы әкімдігі спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы спорттық-бұқаралық іс-шараларды жоспарлау бөлімінің басшысы Көлбай Жанбек.

Балалар арасындағы бәсекеде жеңіске жету мүмкіндігі бірдей болу үшін балалар 8-9, 10-11, 12-13 жас санатына бөлінді. Қатысушылар жаңа жыл қарсаңында өтіп жатқан жарыс туралы өз эмоциясын жасыра алмады.

орынды Тайтілеуовтер отбасы жеңіп алды. Ал екінші орын Бондаренко отбасына, үшінші орын Кульбаба отбасына бұйырды. 10-11 жас бойынша бірінші орынды Карначевтер отбасы, екінші орынды Габдуллиндер, үшінші орынды Аманбековтер отбасы жеңіп алды. 12-13 жас бойынша бірінші орынды Шахметовтер иеленсе, екінші орынды Бахрушевтер, үшінші орынды Ережеповтер отбасы жеңіп алды.

Жарыс соңында I, II, III орын алған отбасылар теледидар, планшет, смартфон сынды бағалы сыйлықтармен марапатталып, барлық қатысушы естелік медальға ие болды.



Бетті дайындаған Шапағат ӘБДІП



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 10 200.

Тапсырыс №156

Баспаханасы: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА